



ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ ТУРАЛЫ

Президент елордадағы үшінші
ЖЭО-ның алғашқы кезегінің
қызметімен танысты.

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек Президентке қаланың энергетикалық инфрақұрылымының даму барысы туралы есеп берді.

Бүгінде үшінші ЖЭО-ның алғашқы кезегін, қосымша қуаты сағатына 1100 Гкал болатын «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу стансаларын пайдалануға беру арқылы шаһардың жылыту қуаты 30 пайызға ұлғайған. Биыл «Тұран» стансасының екінші кезегін толығымен аяқтау, сондай-ақ «Телман» стансасы мен екінші ЖЭО-ны кеңейту және «Оңтүстік-Батыс» газ жылу стансасын жобалау көзделіп отыр. Бұл жобалардың барлығын жүзеге асыру 2035 жылға дейін жоспарланған қосымша жылу энергиясын алуға мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа үшінші ЖЭО-ның екінші кезегі аясында бу-газ қондырғысын орнату жоспары көрсетілді.

Мемлекет басшысына үшінші ЖЭО-ның табиғи газбен жұмыс істеп, ең жоғары қуаты сағатына 440 Гкал өндіруге жететіні жөнінде баяндалды. Бұл жылу энергиясы шаһардың оңтүстік-батыс бөлігінің сұранысын өтейді. Қазіргі уақытта үшінші ЖЭО-ның алғашқы кезегін қосымша отын қорымен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Президент Астананың энергетикалық инфрақұрылымын одан әрі дамытудың маңызына назар аударды.



СУПЕРКОМПЬЮТЕР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Alemcloud Ұлттық суперкомпьютер орталығына барып, NVIDIA H200 графикалық процессорлары базасында жасақталған суперкомпьютерді іске қосу рәсіміне қатысты.

Жаңа дата-орталықтағы жүйені Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі халықаралық серіктестермен бірге орнатып, пайдалануға берді.

Жаңа суперкомпьютер кластері FP8 форматында есептеу әдістемесі бойынша 2 эксафлопсқа дейінгі өнімділікті қамтамасыз ете алады. Есептеу қуаты жағынан Орталық Азия өңіріндегі ең үздігі саналады.

Қасым-Жомарт Тоқаев суперкомпьютердің іске қосылуы еліміздегі негізгі салаларды цифрландыратын маңызды қадам екенін атап өтті. Бұл Қазақстанның цифрлық технологияларды дамытуда айтарлықтай өркендеуіне ықпал етеді.

Суперкомпьютердің есептеу қуатын нейрожелі шешімдерін әзірлеумен айналысатын стартаптар, университеттер мен ғылыми орталықтар, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер мен жеке компаниялар пайдалана алады.

СУДЫ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНА БІЛСЕҢ – ҚҰТ

Мемлекет басшысы
су шаруашылығы
саласының қызметкер-
лерін марапаттады.

Президент су шаруашылығы қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, су — бүкіл тіршіліктің көзі, әлемдегі барлық ел үшін аса маңызды стратегиялық ресурс екенін айтты.

— Біздің кең байтақ жеріміз бар. Алайда ел аумағының жартысынан көбі шөл және шөлейт жерлер. Сондықтан Қазақстан үшін су мәселесі ұлттық қауіпсіздік мәселесі десек, артық болмайды. Бұл сала әрдайым мемлекеттің айрықша назарында. 2023 жылы халыққа Жолдауымда мен суды тиімді пайдалану жайына ерекше тоқталдым. Елімізде Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды. Нақты міндеттер айқындалып, ауқымды реформалар қолға алынды. Жаңа Су кодексі қабылданды. Ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Су нысандарын салуға және қалпына келтіруге қомақты қаражат бөлінді. Шетелден инвестиция тартылуда. Қазір осы салада 30 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Олар қала мен ауылды, өндірістер мен егіс алқаптарын сумен қамтамасыз етуде, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент су саласында мықты мамандар әлі де жетіспейтінін атап өтті.

— Былтыр Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті құрылды. Осы мамандыққа бөлінетін грант саны екі есе артты. 500-ден астам студент бюджет қаржысына білім алып жатыр. Олар оқуын аяқтаған соң «Дипломмен — ауылға» бағдарламасы аясында жұмыс істей алады. Сондай-ақ 120 қызметкер Қытайда тәжірибе алмасып, қосымша білім алуда. Су шаруашылығы мамандарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға баса мән берілуде. Былтыр олардың жалақысы 25 пайызға өсті. Биыл да көбейеді. Бір сөзбен айтсақ, жүйелі



жұмыс істеліп жатыр, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев халықты таза ауызсумен қамтамасыз ету айрықша маңызды міндет екеніне тоқталып, соңғы жылдары осы бағытта нақты шаралар қабылданғанын жеткізді.

— Қала халқының және ауыл тұрғындарының көпшілігі таза ауызсумен қамтамасыз етілді. Енді алдымызда тұрған шұғыл міндет — 500-ге жуық ауылға су беру жұмысы. Әсіресе, ауызсуды тазалау мәселесін шешу қажет. Халқымыз «Судын да сұрауы бар» деп тегін айтпаған, әр тамшы судың қадірін білген. Суды тиімді пайдалану — өте өзекті мәселе. Заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» повесінде судың қасиеті, құдықшының еңбегі туралы терең ойлар айтылады. Қазір елімізде суды үнемдеу тарифі іске қосылды, яғни «аз пайдалансаң, аз төлейсің» деген қағида енгізілді. Сонымен қатар мемлекет су үнемдеу технологиясын қолданатын шаруаларға белсенді қолдау көрсетуде, атап айтқанда, жұмсаған қаржысының 80 пайызына дейін өтейтін болды. Бүгінде 470 мың гектар жерде осындай озық технология іске қосылды. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасады. Себебі су үнемдеу — алды-

мызда тұрған аса маңызды стратегиялық міндет. Бұл мәселеге қатысты цифрландыру жұмысын жүргізу өте өзекті. Оны қарқынды түрде жүзеге асыру керек. Шындығын айтсақ, қазіргі жағдай жалпы мәз емес. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында суды үнемдеу мәдениеті жан-жақты дөріптеліп жатыр. Еліміздегі 2 миллионнан астам оқушы «Суды үнемде — болашақты сақта!» атты ауқымды жобаға қатысты. Өскелең ұрпақ судың құндылығын білуі керек, оны ысырап етпеу туралы жастайынан түсініп өсуі қажет, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, су қауіпсіздігі Қазақстанның орнықты дамуына әсер ететін негізгі мәселеге айналды.

— Біз осы себепті су дипломатиясын күшейтуді қолға алуымыз керек. Аталған аса маңызды іске кадрларды даярлап, іріктеуіміз қажет. Ең алдымен, трансшекаралық өзендер бассейніндегі суды тиімді пайдалану жүйесін жолға қою үшін көршілес мемлекеттермен ықпалдастыққа мән берген жөн. Қазақстан су ресурстарын рационалды, әділ әрі тең құқылы негізде пайдалану қажет деген ұстанымды жақтайды.

(Жалғасы 2-бетте)

ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ұлттық суперкомпьютер орталығында MedTech, EdTech, GovTech және өнеркәсіп салаларындағы отандық IT-шешімдер таныстырылды.

Атап айтқанда: SmartCity Astana жобасы инновациялық технологияларды енгізу арқылы қаладағы өмір сүру сапасын жақсартуды көздейді. Жасанды интеллектті қолданатын 100 мыңнан аса бейнебақылау камерасы іске қосылып, елорданың цифрлық сынары жасалады. Бұл қоғамдық орындардағы ықтимал тәуекелдерді онлайн-режимде анықтап, жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Жобаны жеке серіктестер толығымен қаржыландырады.

AlemLLM жобасы — дәлдігі жоғары қазақ тілінің үлкен тіл моделі. Жергілікті қолданысқа бейімделген. Модель балама шешімдердің арасында үздік көрсеткіштерге ие және түрлі салада кенінен қолданысқа арналған.

AI Kitap жобасы — цифрлық AI-оқулықтарға арналған платформа. Әр оқушының білім деңгейіне, сабақ үлгеріміне және жеке талғамына қарай оқыта алады.

Baspana Hub — азаматтардың тұрғын үйге сұраныстарын онлайн түрде шешуге арналған цифрлық экосистема. Жүйе арқылы маркетингтен үй іздеп, сатып алуға, жылжымайтын мүлікке қатысты мемлекеттік қызметтерді алуға, жөндеу жұмыстарының немесе құрылыс материалдарының онлайн-сметасына тапсырыс беруге болады. Жоба сырттан қаржы, инвестиция тартпай жүзеге асырылған.



Biny.co — жүк тасымалы саласындағы отандық стартап. Команда Google for Startups — Silkway Accelerator бағдарламасына қатысып, үздік үштікке енген. Өнімді тұтынушылар қатарында QazPost, Coca-Cola, Gorilla Asia және Zeta Trade компаниялары бар.

Surfaice.pro — Кремний алқабындағы қазақстандықтар негізін қалаған технологиялық компания. Стартап құрылыс саласына арналған инновациялық шешімдер әзірлеумен айналысады. АҚШ-тың бес штатында жұмыс істейді. Компания Big Sky Capital және Shadow Ventures қорларынан 1,5 миллион доллар инвестиция тартқан.

OlympIQ — спорт саласын дамытуға арналған технологиялық платформа. Жүйе жиі көмегімен талдамалық, операциялық, медициналық және ұйымдық деректерді өңдеуге мүмкіндік береді.

Орман өртінен алдын ала анықтау жүйесі өртке қарсы әрекет ету уақытын едәуір қысқартып, апаттың ауқымы мен шығынын азайтуға мүмкіндік береді. Жоба бейне-мониторинг, бейнеталдау және жасанды

интеллект технологиялары негізінде жұмыс істейді. Аталған жүйе «Бұрабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі мен «Ертіс орманы» резерватына енгізілген.

AI-хаттама агенті — мемлекеттік органдардағы жиналыстың аудиожазбалары негізінде транскрипция жасап, хаттама дайындайтын жасанды интеллект қызметі. Жоба құжат айналымын жеделдетуге, қол еңбегін азайтып, ақпараттың нақтылығы мен сақталуын жақсартуға бағытталған.

AI-Терапевт — дауыс арқылы енгізілген ақпарат негізінде медициналық құжаттаманы автоматты түрде әзірлейтін ЖИ жүйесі. Аталған жоба сырқаттың анамнезін қалыптастырып, ықтимал диагнозды алдын ала анықтай алады. Сондай-ақ тиісті клиникалық ұсынымдары бар медициналық есепті автоматты түрде құрастырады.

ЖИ қолдану арқылы радиологиялық зерттеулерді орталықтандыру (PACS жүйесі) жобасы онкологиялық ауруларды ерте кезеңінде анықтауға арналған. Бұл жүйе медициналық кескіндерді сақтап, өңдеуге мүмкіндік береді.

10 ШІЛДЕ 2025 | БЕЙСЕНБІ

АҚОРДА

СУДЫ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНА БІЛСЕҢ – ҚҰТ

(Басы 1-бетте)

Сондай-ақ су қауіпсіздігі мен тұтас аймақтың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында өзара міндеттемелерді сақтаған дұрыс. Көршілес елдермен конструктивті диалог және тараптардың мүддесіне сай ынтымақтастық жалғасады деп үміттенеміз. Қазақстан Орталық Азия елдерінің су-энергетика консорциумын құру бастамасын дәйекті түрде ілгерілетіп келеді. Өңір елдерімен тығыз ықпалдастықтың арқасында былтыр диқандарымызға қажетті су толық жеткізілді. Биыл да осындай жұмыс атқарылуға тиіс. Әлемде суға сұраныс деңгейі 2040 жылға қарай 40 пайызға артуы мүмкін. Мұндай жағдайда бүкіл халықаралық қоғамдастықтың күш-жігерін біріктіру маңызды. Сондықтан Қазақстан су дағдарысын еңсеруді көздейтін көпжақты бастамаларға белсенді қатысады. Былтыр Сауд Арабиясында өткен арнаулы саммитте су проблематикасын шешудің негізгі тәсілдерімен бөлістім. Келесі жылы елімізде БҰҰ аясындағы Өңірлік экология сам-



митін өткізу жоспарланып отыр. Осы тектес қадамдар еліміздің су қауіпсіздігін нығайтуға септігін тигізеді, — деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзін қорытындылай келе, су ресурстарын дамытуға үлес қосып келе жатқан сала қызметкерлеріне алғыс айтты.

— Су экономикаға, экологияға, халықтың денсаулығына, жалпы, барлық салаға ерекше ықпал етеді. Сондықтан судың таза әрі қолжетімді болуы өте

маңызды. Елімізде Кіші Аралды құтқару үшін жылдар бойы ауқымды жұмыс атқарылып келеді. Соның арқасында қашқан теңіз қайта оралып, айдыны суға толып жатыр. Каспий теңізін, Балқаш көлін, басқа да су көздерін сақтап қалу үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Су, дұрыс пайдалана білсең — құт, ысырап етсең — жұт. Былтыр Қазақстанның бірнеше аймағы қарғын судан қатты зардап шекті. Мұндай жойқын табиғи апат елімізде бұрын-соңды болмаған. Күрделі кезеңде сіздер қайсарлық пен кәсібиліктің озық үлгісін көрсеттіңіздер. Әр қызметкер күнітүні еңбек етіп, апат салдарын жоюға белсене атсалысты. Мен баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Салтанатты іс-шарада Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның су шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградамиен марапаттады.

Былтыр «Қазақстанның су шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы бекітілді. Бүгін осы атақ бірқатар ардагерге берілді.

«ЖҰМЫСШЫ ЖАСТАР АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ БАСТАУ АЛДЫ

Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов «Жастар Рухы» республикалық жастар саяси лагерінің «Бір толқында» диалог алаңының жұмысына қатысты. Шығыс Қазақстан облысының Горная Ульбинка ауылында еліміздің барлық өңірінен келген 500-ге жуық делегат бас қосты. Сондай-ақ іс-шараға Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов қатысты.

Бүгінде 100 мыңға жуық жас азаматты біріктіріп отырған «Жастар Рухы» жастар қанаты еліміздегі ең ірі жастар ұйымы саналады. Төрт жыл қатарынан ұйымдастырылып келе жатқан республикалық лагерь — жас азаматтарға

инженерлер, кеншілер, металлургтер, бір сөзбен айтқанда, экономиканы күн сайын өз еңбегімен алға жетелейтіндер бас қосты. «Адал азамат қашан да абыройлы, адал еңбек қашан да бағалы. Жұ-

мәселелері бойынша парламенттік тыңдаулар өтеді. Оған осы жиында бас қосып отырған жастар да қатыса алады. Сондай-ақ партия Төрағасы тек жас ғалымдардың ғылыми қызметіне арналған грант бөлу бойынша жеке квота енгізу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Мәжіліс Спикері «Жастар Рухының» белсенділері ең өзекті тақырыптарды талқылау жұмысынан ешқашан шет қалмағанын ерекше атап өтті. Мәселен, былтыр Түркістан облысында өткен лагерь отырысында құмаройын, нашакорлық, несиеге белшеден бату, жұмыссыздық және өзге де мәселелерді шешу бойынша көп ұсыныс айтылды. Нәтижесінде, оның бәрі «АМАНАТ» партиясының бастамасымен заң аясында көрініс тауып, бүгінде мемлекеттік деңгейде жүйелі түрде шешілуде. Бұл — жастар пікірталасының тиімділігін көрсеткен жарқын мысал.

Осылайша, «Жастар Рухының» белсенділері ортаға салған ұсыныстар оң өзгерістер мен дамудың қозғаушы күшіне айналуға. Рухтастар Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасына алғашқылардың бірі болып үн қосып, олардың айрықша атсалысуы арқылы бұл бастама экологиялық акциядан жаңаша ойлау тәсілін қалыптастыратын жалпұлттық қозғалысқа ұласты. Жас партияластар қиын жағдайларда және табиғи апаттар кезінде алғашқылардың бірі болып әрқашан көмекке келіп, азаматтық жауапкершіліктің жарқын үлгісін көрсетіп жүр.

Айта кетейік, былтыр АЭС салу мәселесі бойынша пікірталас жастар лагері алаңында да кен қолдау тапты. Аукымды ақпараттық-түсіндіру жұмысының нәтижесінде, ел азаматтарының басым көпшілігі Президенттің прогрессивті бастамасына қолдау білдірді. Ең бастысы, жас көшбасшылар қоғамның атом энергетикасына қатысты барлық қорқынышын жеңуге көмектесті.

Отырыс барысында бірқатар делегат сөз сөйледі. Мәселен, «Қазақстан алюминийі» АҚ жастар кеңесінің төрағасы Дамир Баймағамбетов аталған кәсіпорындағы жастарды қолдау шаралары туралы айтты. Жас мамандарға сегіз жылға дейінгі мерзімге тегін жалдамалы баспана беріледі. Оны жеңілдетілген шарттармен сатып алу мүмкіндігі бар. «АМАНАТ» партиясы осы тәжірибені өзге де өндірістік кәсіпорындарда да ілгерілетуге ниетті.

Ридлердегі гидрометаллург Ольга Ушакова жасөспірімдердің жұмысшы мамандықтарына деген қызығушылығын ояту үшін мектептерде кәсіптік бағдар беру жұмысын дамытуды ұсынды.

Жалпы, лагерь жұмысына Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген жас көшбасшылар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Мәжілістегі «АМАНАТ» партиясы фракциясының депутаттары қатысуда. Биыл 7-10 шілде аралығында жас делегаттар қарқынды семинарлар мен тренингтерге, ең өзекті тақырыптар талқыланатын қызу пікірталастарға қатысады, тәжірибе алмасады. Сонымен қатар олар «Алтай-2025» этнофестиваліне қатысады.

МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫ «ЛУ БАНЬ ШЕБЕРХАНАСЫНА» БАРДЫ



Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Шығыс Қазақстан облысына депутаттарды бастап барды. Ол өңірдегі бірқатар әлеуметтік нысан мен кәсіпорынның жұмысымен танысты. Кездесулерге Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек және облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов қатысты.

Мәжіліс Спикері сапарын Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетіне барудан бастап, «Лу Бань шеберханасы» деп аталатын бірегей оқу орталығының жұмысымен танысты. Мұнда студенттер озық автомобиль технологияларын зерттейді, соның ішінде электромобильдерді жөндеу және пайдалану, көлік ағынын басқарудың цифрлық шешімдерін енгізу бойынша білім алады. Аталған шеберхана ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен КХР Төрағасы Си Цзиньпиннің 2023 жылғы мамырда Сианда өткен «Орталық Азия — Қытай» саммиті барысында қол жеткізген уағдаластықтары аясында ашылды.

— «Лу Бань шеберханасы» арқылы біз әлемдік технологияларды елге әкеліп, жастарды болашақ техникалық жоғары кәсіби мамандықтарға даярлаймыз. Мұнда оқыған түлек — ертенгі күні өндіріс орнында дайын инженер, автосервис маманы, механика саласының шебері болып шығады. Бұл Мемлекет басшысы айтқан «Еңбек адамы — экономиканың басты тірегі» деген сөзінің іс жүзінде орындалуы. Міне, Өскемен қаласында ашылған «Лу Бань шеберханасы» — осы стратегиялық бағыттың нақты жемісі, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Спикері мұндай шеберхана жұмысы әлемнің ең ірі экономикасына айналған көршілес Қытаймен білім саласындағы жоғары деңгейдегі серіктестіктің үлгісі екенін айтты. Екінші шеберхана — биыл күзде Астанада, үшіншісі Алматыда ашылды.

Шеберхана шетелдік жоғары оқу орнының өкілдігі мәртебесінде жұмыс істейді және КХР Тяньцзинь кәсіби институтымен бірлескен жоба саналады. Мұнда Қазақстанның және өзге де 12 елдің 400-ден астам студенті көлік техникасымен, электромобильдермен, гибриділі қондырғылармен, цифрлық платформалармен және жасанды интеллектпен байланысты бағдарламалар бойынша білім алады. Дайындық бакалавриаттан бастап докторантураға дейінгі барлық деңгейде жүргізіледі, ал оқытушылар жыл сайын Тяньцзиньде тағылымдамалдан өтеді.

Шеберханада бес заманауи зертхана, соның ішінде бензин, гибриділі және электр көліктерін диагностикалауға арналған кешен, сондай-ақ интеллектуалды көлік жүйелерін модельдеу және сынау зертханалары бар. Студенттер Haval және BYD автомобильдері бойынша білім алады, қозғалысты автономды басқару жүйесі бар «ақылы қала» макеттерін пайдаланады және Allur отандық автоконцерні негізінде дуалды оқудан өтеді.

Өз кезегінде, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек 2025 жылы тамызда іске қосылатын Smart Driving Technology инжиниринг орталығының жобасын таныстырды. Орталық автопилоттау, жасанды интеллект және телематика жүйелерін әзірлеумен және

тестілеумен айналысады. Зерттеулерден бөлек, мұнда отандық Allur, Astana Motors компанияларының инженерлері мен әзірлеушілеріне арналған біліктілікті арттыру курстарын, тренингтер өткізу жоспарлануда. Жаңа орталық интеллектуалды көлікті дамыту саласындағы еліміздің ғылыми және өнеркәсіптік әлеуетін нығайтады.

Бұдан соң, Ерлан Қошанов атом электр стансаларына арналған жылу бөлгіш құрастырмалар өндіретін Орталық Азиядағы жалғыз кәсіпорын — «Үлбі ТВС» ЖШС-не барды. Бұл — бірлескен казак-қытай кәсіпорны. Зауыт жылына 200 тонна уран отынын өндіруге қауқарлы. Ол алты энергоблок үшін толық жеткілікті. Кәсіпорын француз және қытай компанияларында халықаралық сертификаттаудан өтіп, Қазақстанның ядролық саласының стратегиялық нысаны ретінде танылды. Бүгінде зауытта 200-ге жуық адам, соның ішінде жоғары білікті казакстандық инженерлер жұмыс істейді. Зауыт Қазақстанда салынып жатқан атом электр стансаларын ядролық отынмен толық қамтамасыз ете алады және отандық ядролық кластердің маңызды құрамдас бөлігі саналады.

Сапар «Алтай» көтерме-тарату орталығында түйінделді. Бұл кешен ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға, өңдеуге және өткізуге арналған. Мұнда 45 мың тоннаға дейін өнім сақтауға болады. Орталықтың жалпы аумағы 30 мың шаршы метрді алып жатыр. Құны 30 млрд теңгеден асатын жоба шаруаларды қолдау және азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында жүзеге асырылды. Бұл ретте, аталған орталық аумағында цехтар салынды. Онда еттен жасалатын жартылай фабрикалар, кондитерлік заттар өндіріледі, сондай-ақ бал құю процесі жүреді. Орталық 500-ге жуық адамды жұмыспен қамтамасыз етеді.

Осы нысан арқылы жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер ірі көлемде өнім өңдеу және сақтау мүмкіндігіне ие болуда. Бұл қадам алдағы уақытта делдалдарды айналып өтіп, ірі нарыққа шығуға ықпал етеді.

Еске сала кетейік, бүгінде Мәжіліс депутаттары өңірлердегі көшпелі жұмыс аясында өндірістік және әлеуметтік нысандарға барып, еңбек ұжымдарымен кездесіп, азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау өткізуде. Шалғайдағы елді мекендерге ерекше назар аударылды. Халық қалаулылары Мемлекет басшысы берген тапсырмаларын жергілікті жерлерде жүзеге асырылу барысын бақылап, жаңадан қабылданған заңдардың іс жүзінде қалай жұмыс істеп жатқанын зерттейді және оларға қатысты кері байланыс алады. Азаматтар мен бизнесті толғандырған өзекті мәселелермен танысады. Депутаттар жиналған барлық ақпаратты алдағы уақытта Үкіметпен бірлесе жүргізетін жұмыс барысында және жаңа заң жобаларын дайындау кезінде пайдаланады.

Бетті дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

ЖАҢА СТАДИОН БАРЛЫҚ ТАЛАПҚА САЙ



Күн санап көркейіп, жаңарған кейіпке енген Қызылордада заманауи үлгідегі зәулім ғимараттар қатары артып келеді. Соның бірі де, бірегейі қаланың сол жағалауынан бой түзеген жаңа стадионның құрылысы аяқталуға таяу. Парламент Мәжілісінің депутаттары, «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшелері Мархабат Жайымбетов, Мұрат Әбенев және Мұрат Ергешбаев аталмыш нысанда болып, құрылыс жұмыстарының жай-жапсарын көзбен көрді.

А **Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,**
Қызылорда облысы

Дарияның сол жағалауынан сап түзеген сәулетті нысандар қатарында жаңа стадионның құрылысы ерекше сипатқа ие. Жергілікті спорт жанкүйерлерінің көп жылғы арманы биыл ақиқатқа айналғалы тұр. Негізінен, аталмыш құрылыс нысаны Мемлекет басшысының өңірлердегі спорттық инфрақұрылымдарды дамыту тапсырмасы негізінде аймақ басшысының

қолдауымен жүзеге асырылып отыр. Сол жағалаудағы құны 20,9 млрд теңгені құрайтын кешен 11 мың орынға негізделген. Қазір стадион құрылысының 75 пайызы аяқталып тұр. Нақты уақытта құрылыс нысанының батыс және шығыс трибуналарына металл конструкциялары орнатылып, қабырғалары, ішкі бөлмелер мен сыртқы витраждар қаланған. Сондай-ақ футбол алаңын жабдықтау, ішкі әрлеу, аумақты абаттандыру және сыртқы аумаққа тас төсеуіш орнату, ғимаратқа электр желілерін тарту жұмыстары жүргізіліп жатыр.



«АҚЖАЙЫҚТЫҢ» ЖАЙЫ АЛАҢДАТАДЫ



Орал қаласында 50 мың адамға арналған жаңа «Ақжайық» шағынауданының құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Қазір сегіз көпқабатты үй пайдалануға берілген. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Бактықожа Ізмұхамбетов құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.

А **Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,**
Батыс Қазақстан облысы

Шағынауданға алғашқы болып баспана кезегінде тұрған азаматтар қоныстанды. 2023 жылғы қыркүйекте 60 пәтерлі бесқабатты үйге тұрғындар қоныстанса, 2025 жылғы ақпанда тағы 120 отбасыға жаңа пәтердің кілті табысталды. Жобаның алғашқы кезені аясында 25 тұрғын үй салу көзделген. Бүгінде шағынауданда 150

орындық медициналық оналту орталығы пайдалануға беріліп, су айдау стансалары салынды, магистралді инженерлік желілер, жылу трассалары және ішкі жол инфрақұрылымы жүргізілді. — Ақжайық — халық санының өсуі, қалалық инфрақұрылымды дамыту және өмір сапасын жақсарту мақсатымен бой көтеріп жатқан стратегиялық тұрғын аймақ. Біз тек үйлер салып қана қоймай, жас отбасылар мен мамандар, үй кезегінде

Өңір халқының сұранысына сай салынып жатқан жаңа стадионда жасыл алаңнан бөлек, бокс, күрес, ауыр атлетика, футболшылардың жаттығу залдарымен қатар, йога, гимнастика-акробатика, сауықтыру-денешынықтыру залдары жұмыс істейін болады. Стадион – УЕФА классификациясы бойынша III санатты. Халықаралық стандарттарға толық сәйкес келеді. Жалпы UEFA талаптарына сай салынып жатқан жаңа стадионның құрылыс қарқыны жоғары. Стадион ғимараты маңында 238 орындық автотұрақ алаңы, 40 орындық VIP автотұрақ, автобуска арналған 4 автотұрақ орналаспақ. Жаңа стадион футболшылар үшін ғана емес, қала тұрғындары үшін де тиімді болмақ. «Стадионда кәсіби футболшылармен қатар, спортпен шұғылдануға ниетті адамдардың шындалуына барлық мүмкіндік қарастырылады. Сол максатта бұл жерден бокс, күрес, спорттық гимнастика, ауыр атлетика, таеквондо және фитнес залдары ашылады. Осы залдарда жас спортшыларымыз шынығып, дүбірлі додаларда топ жаратынына сенім зор», — дейді облыстық Денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бактияр Артаев. Жалпы UEFA талаптарына сай салынып жатқан жаңа стадионның құрылыс қарқыны жоғары. Стадион ғимараты маңында 238 орындық автотұрақ алаңы, 40 орындық VIP автотұрақ, автобуска арналған 4 автотұрақ орналаспақ. Жаңа стадион футболшылар үшін ғана емес, қала тұрғындары үшін де тиімді болмақ. Өз кезегінде, «Қайсар» футбол клубының қақпашысы Нұрым Салайдин легионерсіз ойнау аса қиындық туғызбайтынын жеткізді. Алайда ұйымдастыру кезінде көптеген қиындық туындайтынын алға тартты. Халық қалаулылары аталмыш мәселені парламенттік деңгейде жеткізетінін айтып, ел футболының дамуы жолында тиімді жолдары қарастырылатынын мәлімдеді.

МӘЖІЛІСМЕН ЖАЙЛЫ МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Қазыбек Әлішев «Жайлы мектеп» жалпыұлттық жобасы аясында Ақтөбе қаласында салынып жатқан 300 орындық жаңа мектеп құрылысының барысымен танысты. Депутат жұмыстың сапасы мен қарқынын тексеріп, жауапты мамандармен өзекті мәселелерді талқылады.

Облыс бойынша аталған ұлттық жоба аясында 11 400 оқушыға арналған 14 мектеп салынады. Оның ішінде 2 мектеп былтыр пайдалануға берілсе, жаңа оқу жылына дейін тағы 3 200 орынға арналған 4 мектеп қолданысқа берілмек. Солардың бірі — Ақтөбе қаласындағы Саяжай-1 тұрғын алабында салынып жатқан 300 орындық білім ордасы. Ол «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Жол картасына енгізілген. — Оқушы орындарының тапшылығын жою — партия бағдарламасындағы басым бағыттардың бірі. Бұл мектеп №50 мектептегі орын тапшылығы мәселесін шешуге көмектеседі. Сонымен қатар заманауи білім беру мекемесі соңғы технологиялармен жабдықталып, балалардың жан-жақты дамуына толық мүмкіндік береді. Жалпы «Жайлы мектеп» жобасы арқылы жыл соңына дейін үш ауысыммен оқыту мәселесі түбегейлі шешіледі, — делі Қ.Әлішев. Мектептің құрылысы 2023 жылы басталған. Жобаның жалпы құны 3,33 млрд теңге,

ал ғимараттың ауданы 6 мың шаршы метрден асады. Нысанды аралау барысында депутат мектептің химия пәні кабинеттерінің жабдықталуына байланысты ескеру жасады. — Балалар лабораториялық жұмыс істеген кезде зиянды заттармен улану қаупінен сақтану үшін химия пәні кабинетінде ауа сорғыш құрылғылары көп болуы керек. Егер ол санитарлық-эпидемиологиялық бақылау талаптарында болмаса, біз заңға өзгерістер енгізуге дайынбыз, — делі ол. Сонымен қатар Қазыбек Әлішев Ақтөбе облысындағы «Жайсан» шекара бекетінің жұмысымен танысты. Мәртөк ауылында бой көтеріп жатқан өрт сөндіру депосының құрылысын аралады. Бұл нысан да партияның Жол картасына сәйкес биыл пайдалануға берілуге тиіс. Бұдан бөлек, депутат Шалқар ауданына қарасты Бөзой ауылында жергілікті тұрғындармен кездесіп, спорт кешені, мектеп, жазғы футбол алаңы және жол құрылысы сынды өзекті мәселелер бойынша ұсыныстарын тыңдады. Сұйытылған газ тапшылығы мен оны жеткізу мәселесі де назардан тыс қалмады.

ДОМБЫРА – ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МҰРАСЫ

Ұлттық домбыра күні – 2018 жылдан бері шілденің алғашқы жексенбісі қазақтың төл аспабының мейрамы. Мемлекет басшысының бастамасымен аз уақыт аралығында ұлттық мейрамға айналып үлгерген ұлы той. Домбыра тойы еліміздің түкпір-түкпірінде күй болып төгіліп, ән болып әуелеп, түрлі форматта тойланып жатыр.



А **Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ**

Астанада Ұлттық домбыра күніне орай «Дала үні — домбыра» атты алғашқы республикалық фестиваль өтті. Қаланың Дін істері жөніндегі баскармасының қолдауымен QAMQOR-ASTANA қоғамдық қоры ұйымдастырған шараның мақсаты — ұлттық рухани мұраны ажырамас бөлігі болып табылатын домбыра өнері арқылы конфессияаралық диалогті нығайту, бейбіт қатар өмір сүру мәдениетін және өзара құрметті дамыту. Домбыра үнімен үйлестіре дәстүр мен дін сабақтастығын сактай отырып, ұлттық мәдениетті ұлықтауды көздеген ұйымдастырушылар, фестиваль алдағы уақытта да жалғасады дейді. — Бұл шара бүкіл республика деңгейінде өтуде — фестивальге еліміздің барлық өңірінен өкілдер қатысып отыр. Оның мақсаты — діни бірлестіктер арасындағы ынтымақтастықты нығайту, рухани сала өкілдерін тарта отырып, ұлттық қазынамыз — қазақ домбырасын ұлықтау. Мұндай іс-шара Астанада алғаш рет өткізіліп отыр. Алдағы уақытта фестиваль жалғасын табады деп үміттенеміз. Егер биыл ол елордада өтсе, келесі жылы өзге аймақтарда да үйымдастырылуы мүмкін, — делі QAMQOR-ASTANA қоғамдық қорының теологы Арман Нұрахметұлы. Қазақтың кара домбырасы — ғасырлар қойнауынан ұлт болмысын, бабалар аманатын арқалай жеткен ұлы мұра. Тоғыз перне, қос ішектен күмбірлей төгілген қоңыр үн — қазақтың жаны, ғасырлардан жеткен жүрек сыры, халық қазынасы. Бабадан балаға

жалғанған жалы, бүгінгі ұрпақтың бойтұмары. Оның жан-жақты насихатталуы, ұрпақтан-ұрпаққа дәріптелуі де заңды. «Қара шаңырақ» РКБ директоры, этнолог-тарихшы Тұрар Саттарқызы домбыраны асыл дініміз исламмен байланыстыра насихаттаудың еш сөкеттігі жоқ екенін айтты. Оның айтуынша, діни уағыздар мен шариғат шарттарын, хиса-дастандарды терме тілінде домбыраға лайықтап, ұрпақтың құлағына сіңіріп, бойына дарытуға болады. — Терме деген тәлім ғой. Кейінгі кезде терме тыңдайтындар азайып кетті. Тыңдай білген адамға терме — қазақтың бала тәрбиесіндегі тамаша бір құралы саналатын. Термедегі түйдек-түйдек ойлар, тыйым мен ережелер ұлтымыздың болмыс-бітімін, табиғи жаратылысын насихаттайды. Астана қаласы Дін баскармасының ұлт құндылығын ұлықтау жолында істеп жатқан жұмысы өзге өңірлерге үлгі болуы керек. Дін баскармасына жаңа басшы келгелі қоғаммен үгіт-насихат тобы жанданды. «Қызым, саған айтам...», «Ұл тәрбиесі — ұлт тәрбиесі» сияқты іс-шаралар өтіп жатыр. Оған тікелей атсалысып та жүрмін. Бүгін әр өңірден келген қатысушылар күй тартып, дәстүрлі ән-жыр орындап бақ сынауда. Бұл өзге өңірлерде де жалғасуы керек, — этнолог-тарихшы. Фестивальге еліміздің 15 өңірінен 21 қатысушы келіпті. Екі кезеңнен тұратын өнер сайысында қатысушылар — домбырада жеке орындаушылық шеберлігі, домбырамен ән, терме және жырларды вокалды-аспаптық орындап, өзара бақ сынасты. Жүлде қоры 2 миллион теңгеден асатын өнер додасында жеміппаздарға естелік сыйлықтар, ақшалай сертификаттар мен дипломдар, алғысхаттар табысталды.

ДӘУЛЕТ

10 ШІЛДЕ 2025 | БЕЙСЕНБІ

— Климаттық өзгерістер мен су тапшылығының артуы су саласын тиімді басқарудың мемлекеттік маңызын көрсетті. Жалпы, бұл салаға мемлекет тарапынан қолдау қаншалықты керек?

— Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «2030 жылға қарай су тапшылығының көлемі 40 пайызға жетуі мүмкін. Сондықтан біз жана технологиялар мен цифрландыру арқылы суды үнемдеуге көшуіміз керек. Су тапшылығын жоюдың басқа жолы жоқ. Бұл — аса маңызды міндет. Үкімет су пайдалануды реттеу және оны үнемдеу технологиясын енгізу жұмысын ынталандыру үшін нақты шешімдер әзірлеуге тиіс» деп тапсырма берген еді. Қазір еліміз бойынша, су тапшылығына байланысты тамшылатып суару, жаңбырлатып суару жұмыстары қолға алынды. Бұл су ресурсын аз да болсын сақтаудың балама жолы. Соның ішінде тамшылатып суару — қазіргі жағдайда ең үнемді тәсілдің бірі. Бұл әдісте су арнайы жүйе арқылы өсімдіктің тамырына біртіндеп беріледі. Нәтижесінде, судың ысырап болуы, булану мен жерге сініп кету шығыны едәуір азаяды. Бізде тамшылатып суару көбіне онтүстік өңірде пайдаланылды. Жаңбырлату — солтүстік өңірде. Жаңбырлатып суару технологиясы — жауын-шашын тәрізді, су тамшыларын жоғары қысыммен өсімдік үстінен шапалады. Бұл технология су ресурстарын үнемдеуге, топырақты шайып кетуден сақтауға және өсімдіктерге қолайлы орта жасауға мүмкіндік береді.

Дүниежүзінің ауыл шаруашылығы тәжірибесінде тамшылатып суару технологиясы алғаш рет 1960 жылдары Израильде енгізілген. Шөлді климат пен су тапшылығы жағдайында егіншілікпен айналысуға мәжбүр ел осы тәсілді қолдану арқылы ауыл шаруашылығын дамытудың тың бағытын қалыптастырды. Қазір бұл әдіс Түркия, Қытай, Үндістан сияқты елдерде де кеңінен қолданылып, бірқатар

Дәулетбай НҰРАБАЕВ, Жамбыл облысы Жуалы ауданындағы «Ақсай» өндірістік бөлімшесінің басшысы:

СУДЫ ҮНЕМДЕУ — ТАБИҒАТҚА ЖАНАШЫРЛЫҚ

9 шілдеде Қазақстанда су шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі аталып өтеді. Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылған сәттен бастап су саласы мамандарының мәртебесін арттыруға ерекше назар аударып келеді. Атап айтсақ, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» заңға толықтырулар енгізілді. Енді су шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосқан мамандарға мемлекеттік награда — «Қазақстанның су шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қайраткері» атағы беріледі. Біз мерекеге орай, су шаруашылығында 40 жылдан астам еңбек етіп келе жатқан, Жамбыл облысы Жуалы ауданындағы «Ақсай» өндірістік бөлімшесінің басшысы Дәулетбай Нұрабаевпен әңгімелестік.

аймақта өнім көлемін 20-30 пайызға дейін арттыруға ықпал етіп отыр. Тамшылатып суару технологиясы Қазақстанға алғаш рет 2000 жылдардың басында, нақтырақ айтқанда 2002-2003 жылдары енгізіле бастады. Яғни, бұл технология елімізде қолданылып келе жатқанына шамамен 20 жылдан асты. Ал бұрын біз егістікті арықпен суаратынбыз. Қазір мемлекеттік қолдауының, Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылғанының арқасында жана технологиялар саламызға көптеп енуде.

— **Биыл «Табиғи монополиялар туралы» заңға түзетулер әзірленіп, қабылданды. Бұл 1 қыркүйектен бастап су саласындағы 25 мыңнан астам қызметкердің еңбекақысын электр және жылу энергетикасы саласының мамандары деңгейіне дейін көтеруге мүмкіндік береді. Жалпы, су шаруашылығындағы қызметкерлердің мәртебесі көтерілді ме?**

— 1 шілдеден бастап су саласындағы қызметкерлердің айлығы 50 пайызға көтеріліп жатыр. Бұрын 100 мың теңгенің көлемінде еңбек ақы алсақ, енді 150 мың теңге шамасында аламыз. Бұл су беретін мамандардың жақсы жұмыс істеуіне ықпал етеді деп ойлаймын. Кезінде аз айлықпен бала-шағасын асырай алмай, су шаруашылығындағы қызметін тастап кеткен жандар көп. Соның салдарынан, саламызда маман тапшылығы туындады. Ал қазір министрлік Тараз қаласында су саласы бойынша мамандандырылған жоғары оқу орнын құру бастамасын қолға алды. Бұл — дұрыс шешім әрі батыл қадам. Иә, бұл жоғары оқу орнын одаққа танымал бұрынғы Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының мұрагері ретінде М.Дулати атындағы университеттің құрамындағы Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру институтының



базасында құру тиімді болмақ. Институттың оқу ғимараттары, жатақханалары, су саласына бейімделген зертханалары, спорт кешендері қаржы көздерін үнемдеуге мүмкіндік береді. Тараз қаласында орналасқан Қазак су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтымен арадағы ынтымақтастық оң әсерін тигізеді. Енді су шаруашылығында жас мамандар санының артатынына сеніміміз мол. Бұрын жастар жалақы аз болғандықтан шалғайдағы ауылға қызметке бармайтын. Болашақта су шаруашылығындағы қызметкерлердің мәртебесі артса, еңбекақысы көбейіп, ауылдағы тұрғын үй мәселесі шешіліп, 1-2 реттік жәрдемақы берілсе, саладағы маман тапшылығы азаяр еді.

Африка елдерінде бір тамшы таза суға қолы жетпей жүрген қаншама адам бар. Ал Қазақстандағы ауылдардың 95-98 пайызына ауызсу тартылған. Бұл өріне мемлекеттік қолдаудың арқасында жүзеге асқан дүние. Халық «судың да сұрауы бар» екенін есте сақтауы керек. Суды үнемдеу — тек тұрмыстық әдет ғана емес,

табиғатқа деген жанашырлықтың, жауапкершіліктің белгісі. Бүгін біз суды қалай тұтынсақ, болашақ ұрпақ дәл сондай жағдайда өмір сүреді. Су тапшылығының алдын алу үшін әрбір адам бүгіннен бастап іс-әрекет жасауға тиіс.

— **Әріптестеріңізге мерекелік құттықтау айтсаңыз?**

— Су шаруашылығында қызмет етіп жүрген әріптестерімді кәсіби мерекемен құттықтаймын! Сіздердің тынымсыз еңбектеріңіздің арқасында ауыл шаруашылығы дамып, ел экономикасы өркендеп келеді. Әрбір тамшы судың қадірін біліп, оны халыққа жеткізу жолында жан аямай еңбек ету — үлкен жауапкершілік пен кәсіби шеберлікті қажет етеді. Су — тіршіліктің негізі, ал сіздер — сол өмір нәрін елге жеткізуші нағыз еңбек ерлерісіздер. Табиғатты қорғап, су ресурстарын тиімді пайдалану ісіне қосқан үлестеріңіз — келешек ұрпақ үшін қалдырған баға жетпес мұра.

— **Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан Көктем ҚАРҚЫН

КӨКЕЙКЕСТІ

МЕЙІРМЕН ҚАРА МЕЙМАНҒА

Кез келген мемлекет үшін елге кие, жерге ие болатын азамат керек-ақ. Ал ар жүгін, ел сенімін арқалап, ұрпақтың келешегі үшін адал еңбек ететін, жұртшылығының игілігіне жарап, ұлтының мүдде-мұратына шарапатын тигізетін азаматтар барынша көп болса, бұл — елдің бағы, халықтың құты, мемлекеттің байлығы. Осы орайда соңғы 2 жыл қатарынан көші-қонда оң динамика байқалады: елге көшіп келушілер саны елден қоныс аударғандардан еселеп асып түсті. Бір жыл — кездейсоқтық болуы мүмкін, екінші жыл — тұрақты тренд.

Айхан ШӘРІП

ТУҒАН ЖЕРІНЕН ЖЕРГЕНДЕР АЗАЙДЫ

Бұған дейінгі жылдың бәрінде ақпарат құралдары мен сарапшылар тоқтаусыз дабыл қағумен болды. Олар жат жұрттан тұрақты мекен таппаған қазақстандықтардың ондаған мың адамнан құратын ірі лекпен елден кетіп жатқанына, үлкен бөлігі — еңбекке жарамды, білімі мен біліктілігі жоғары екеніне назар аудартып, қапаланды.

Шынында, жұртының шетелге боша-лап, босып жатуы мемлекеттің беделіне кір, намысына сын емес пе?! Бүгінде сол алаң көңілдер тыншығандай, мазасыздық басылғандай. Себебі басты байлығы — бірлігін бағалаған, ырысты ынтымағын сақтаған Қазақстан қазіргі құбылмалы заманда, алмағайып кезеңде бейбітшілік пен тұрақтылықтың аралына айналды. Жан тыныштығын қалаған өзге мемлекеттің азаматтары үшін тартылыс орталығы болып отыр.

Ұлттық статистика бюросы демографиялық статистика аясында еліміздегі халықтың көші-қонының 10 жылдық есебін жариялады (ведомство келесі есебін 2026 жылғы 12 наурызға жария етпек). Бұл құжаттан республикамыздың осы салада ауыз толтырып айтарлықтай жетістікке жеткенін көруге болады.

Сөйтіп, статистикалық динамика мынадай: 2015 жылы Қазақстанға 16 581 адам ғана көшіп келді, 30 047 қазақстандық шетелге көшіп кетті. Келушілер мен кетушілер арасындағы теріс айырма-сальдо 13 466 адам (бұған дейін жылдарғағдай бұл жылдың да көрсеткіші — минус). 2016 жылы 13 755 адам келді, 34 900 кетті, әлемнің өзге елдеріне қоныс аударғандар саны жанадан қазақстандық атанғандардан 21 145 адамға көп (көрсеткіші — тағы да минус).

2017 жылы 15 595 адам келді, 37 725 адам кетті, миграция сальдосы — минус 22 130 адам. 2018 жылы 12 747 келді, 41 868 кетті, миграция сальдосы — 29 121 адам (минус). 2019 жылы 12 255 келді, 45 225 кетті, 32 970 адам (минус). 2020 жылы 11 370 келді, 29 088 кетті, миграция сальдосы — 17 718 адам (минус). 2021 жылы 11 039 келді, 32 256 кетті, айырмасы — 21 217 адам (минус). 2022 жылы 17 425 келді, 24 147 кетті, сальдосы — 6 722 адам (тағы да минус).

2023 жылы Қазақстанға 25 387 адам тұрақты тұруға көшіп келіп, азаматтық алды, 16 094 экс-қазақстандық керісінше, көшіп кетті, миграция сальдосы — 9 293 адам (көрсеткіш — плюс, оң мәнделі). 2024 жылы Қазақстанды 29 282 шетелдік жерсініп, Қазақстан Республикасының көк паспортына ие болды. Одан 12 732 адам бас тартты. Көші-қонның жағымды сальдосы — 16 550 адамға дейін жетті. Сала көрсеткіші — тағы да оң мөнде.

Ұлттық статистика бюросының хабарлауынша, осыдан он жыл бұрын, 2015 жылы Қазақстан азаматтығынан бас тартқан адамдардың басым көпшілігі яғни 25 682-сі Ресей азаматтығын алып, сонда орнықты. Екінші орында Германия болды: 2 196 экс-қазақстандық соны жана отаны ретінде тандады. Қазақстаннан кеткендердің тандауына айналған мемлекеттердің бестігіне сондай-ақ Беларусь (605), Өзбекстан (364) және АҚШ (265 адам) кірген еді.

Содан бері эмиграция саласында жағдай қаншалықты өзгерді? Статистика мамандарының айтуынша, 2024 жылы елдер қатарында біраз өзгеріс болыпты: бұрынғы қазақстандықтардың 11 737-сі — ресейлік, 2 283-і — германиялық, 452-сі — америкалық, тағы 334-і — польшалық, 232-сі — қырғызстандық атанды.

ҚАЗАҚСТАНДЫ ТАҢДАҒАНДАР ЕКІ ЕСЕДІЙ ӨСТІ

Жалпы, демографтар: «Өткен отызжылдық ішінде Қазақстаннан кеткісі келгендер кетіп болды» деп жүр. Бұл сөз шындыққа жанасатындай. Бюро мәліметінше, халық елден миллиондап ауған тоқыраулы тоқсаныншы жылдарды айтпағанның өзінде, 2000 жылы Қазақстан азаматы болудан 155 749 адам айныпты. Оның көбі — байырғы тарихи отанына оралған. Атап айтқанда, 108 724-і — Ресейге, 35 938-і — Германияға, 3 265-і — Беларуське, 2 172-і — Украинаға қоныстанды.

Содан соң үрдіс бағыты, көші-қон ауаны ауысты. Осы ғасыр басынан елден қоныс аударушылар саны қарқынды түрде азайып келеді. 2001 жылы Қазақстан азаматтығынан 141 710 адам бас тартса, 2002 жылы бұл көрсеткіш — 120 223, 2003 жылы — 73 890 адамға дейін кеміген. Одан бергі көрсеткіштер жоғарыда келтірілді. Енді Қазақстанда «жана Отаным» деп танығандар жайына тоқталайық.

— 2024 жылы елге келгендер саны 29 282 адамды, елден кеткендер саны 12 732 адамға жетті. Көші-қон айырымы — 16 550 адам. 2023 жылмен салыстырғанда, бытыр Қазақстанға келгендер саны 15,3%-ға өсті. Ал Қазақстаннан кеткендер саны бірден 20,9%-ға елеулі азайды. Елдің негізгі көші-қон алмасуы ТМД мемлекеттерімен арада жүреді. Қазақстанға келгендердің ішіндегі ТМД елдерінің үлесі — 81,6%, сондай-ақ шетелге көшіп кеткендердің 74,8%-ы ТМД елдерін тандады, — деп түсіндірді Ұлттық статистика бюросының мамандары.

Олардың мәлімдеуінше, Қазақстанның көгілдір паспортын иеленгісі келетіндер саны да XX ғасыр соңында көп болды. 2000 жылы — 47 442 шетел азаматы қазақстандық атанды. Алайда сол жылы көші-қондағы теріс айырма 108 307 адамға жетті. Яғни, өзге елге қоныстанғандар саны жана қазақстандықтардан осыншаға асып түскен.



Содан кейін сала статистикасы түзелген. Бұған жаңа XXI ғасырда шетелдегі қандастардың ата-жұртқа қайтадан үлкен лекпен орала бастауы оң ықпал етті. Нәтижесінде, 2001 жылы — 53 548, 2002 жылы — 58 211, 2003 жылы — 65 584, 2004 жылы — 68 319, 2005 жылы — 74 807, 2006 жылы — 66 731, 2007 жылы — 53 397 шетелдік Қазақстан азаматтарының санатын толықтырды. Бұл жерде неге 2007 жылға дейінгі статистиканы келтіріп отырмыз? Одан кейін «оралмандардың» қатары күрт сұйылды және сол бойы 50 мыңдық межеге жете алатын емес.

Соңғы онжылдықтың статистикасын келтірсек, 2015 жылы — 16 581, 2016 жылы — 13 755, 2017 жылы — 15 595, 2018 жылы — 12 747, 2019 жылы — 12 255, 2020 жылы — 11 370, 2021 жылы — 11 039, 2022 жылы — 17 425, 2023 жылы — 25 387, 2024 жылы — 29 282 шетелдік азаматтығын қазақстандыққа ауыстырды. Осы деректерден кейінгі онжылдықта көгілдір паспорттың иегері атанғысы келетіндердің саны екі еседі өскенін байқауға болады. Мұнда да үрдіс оң сипатта.

ЕЛДІ ТАРТЫМДЫ ЕТКЕН НЕ?

Ғажабы сол, тіпті дамыған елдердің азаматтары өз елдерін тәрк етіп, тұрақтылық аралына айналған Қазақстанның көгілдір паспортын кеудесіне басты. Тарата айтқанда, 2024 жылы Америка Құрама Штаттарының — 133, Германияның — 403, Оңтүстік Кореяның — 123, Грекияның — 21, Канаданың — 41 азаматы қазақстандық атанды. Израильдің 46 және Иранның 46 азаматы Қазақстанға түпкілікті көшіп келді. Биылғы әскери қақтығыстан соң олардың қатары өсуі де мүмкін.

Бытырдан бастап, өзі мен ұрпағының болашағын тек Қазақстанмен байланыстырған азаматтарының саны артқан келесі елдердің ондығын да атап өтуге болады: Өзбекстанның — 12 140, Ресейдің — 7 984, Қытайдың — 2 009, Моңғолияның — 1 271, Түрікменстанның — 1 123, Қырғызстанның — 842, Тәжікстанның — 749, Түркияның — 527, Әзербайжанның — 403, Украинаның — 373, Грузияның — 238 азаматы қазақстандыққа айналды.

«Еуразиялық мониторинг» талдау зерттеулері орталығының сарапшылары Қазақстанда көші-қон процестері әлеуметтік, экономикалық және геосаяси

факторлар ықпалымен өзгеріп жатқанына екпін түсірді.

— Бүгінде елдегі экономикалық және демографиялық теңгерімге тірек болған бірнеше басты үрдісті бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, ұзақ жыл бойы Қазақстаннан жоғары білікті кадр шетелге қарқынды түрде, лек-лекпен кетті. Қазір олардың тапшылығы байқалады. Мамандардың жетіспеушілігі оны шетелден алғызға серпін берді. Әйткенмен, ел Үкіметі шетелдік жұмыс қолының келуін тежеп отыр. Еңбек министрлігі жұмыс берушілердің шетелдік жұмыс күшін тартуына бекітілген квотаны 2025 жылы елдегі жалпы жұмыс күшінің 0,2%-ы мөлшеріне дейін азайтты. Бұл шетелдік білікті мамандарды Қазақстанды жерсініп, азаматтық алуға икемдейді, — делі сарапшылар.

Республикадағы көші-қонның екінші тың ерекшелігі сол, урбанизация күшейіп, халық ірі қалалар мен мегаполистерде шоғырлана бастады. 2025 жылғы 1 маусымда қазақстандықтардың саны 20 370 672 адамға жетті. Ауылда 7 493 264 адам ғана қалды. Ал қала халқының саны 12 877 408-ге дейін өсті. Бұрынғы онжылдықтарда елдің шамамен жартысы қалада, жартысы ауылда тұрса, шамалы уақыттан соң шаһар тұрғындарының саны ауылдықтардан екі есе асып түспек.

Бұл үрдіс қалалардың инфрақұрылымының жүктемесін алапат көлемде арттырды. Оны күтіп ұстау және дамыту үшін маман қажет. Сондай-ақ сарапшылардың пайымдауынша, Қазақстанда кәсіпкерлікті қолдау жобалары, халықты солтүстік өңірлерге қайта қоныстандыру бағдарламасы да мемлекеттік иммиграция үшін тартымды етеді.

ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫН АРТТЫРУ ҚАЖЕТ

Бірақ проблема да жоқ емес. Тарихи Отанына оралған қандастар сол бұрынғыдай бейімделумен байланысты қиыншылықтарға душар болады. «Сондықтан олар негізінен қазағы қалып тұратын, тілдік кедергі жоқ онтүстік өңірлерде немесе мұнайлы Манғыстауда орнығып қалуға тырысады. Бұл өңірлік дисбалансты ушықтырады. Өзге өңірлерде қандастар әлді күнге мәдени ерекшеліктер мен тілдік кедергі кесірінен жергілікті қоғамға интеграциялануда қиындық көреді. Сондай-ақ солтүстік өңірлерге

қоныстандыру қарқыны төмен, ынталандыру-стимул шаралары жеткіліксіз. Бұл мәселелерге Үкімет назар аударғаны жөн», — дейді «Еуразиялық мониторинг» мамандары.

Белгілі маркетинг Айсұлу Адам бір жайтты қаперге салды. Шетелдік қазақтардың көбі елге көшкісі келеді, алайда оны қалай жасауға болатынын, ең бастысы — оның неге соқтыратынын білмейді. Далада қалмайтынына, баспамен қамтылатынына, жұмысқа тұратынына, балаларын мектеп пен балабақшаға орналастыра алатынына қатысты мемлекеттен белгілі бір кепілдіктер болғанын қалайды.

Батыстың дамыған елдерінде, АҚШ, Германия, Франция, Дания және басқасында елге заңды кірген кез келген мигрант пен босқынға уақытша тұратын баспана ұсынылады, тегін тамақ үлестіріледі. Дәл сондай тегін болмағанымен, қолданыстағы әлі де болса олқы қолдау тетіктерін күшейту қажет. Және барлық мигрантқа емес, қандастарға тегеурінді мемлекеттік қолдау шаралары болғаны абзал. Мысалы, Израиль Иранға қарсы шабуылы мен қысымы әрі қарай үдеуі мүмкін.

— Иран қазақтары негізінен елдің солтүстігіндегі Голестан останында (провинциясында) жинақтай тұрады. Басым көпшілігі большевиктердің қуғын-сүргінінен қашып, түрікмен асып, қызылбас елін паналаған. КСРО ыдырағаннан кейін олардың үлкен бөлігі атамекенге оралды. Кейбірі кейін кері қайтыпты. Бүгінде аймақта 10 мыңнан аса этникалық қазақ өмір сүреді. Бәрі қазақ және парсы тілдерінде сөйлейді. 2007 жылдан бері қазақтар — экономикалық мигранттар негізінен Атырау, Манғыстаудан қоныс аударып, ирандық Гогран, Бандар-Торкман, Голбад-е-Кабус қалаларына орнықты. Олардың негізінен орысша сөйлеуінен ажыратуға болады, — делі А.Адам.

Иранның ішіндегі және айналасындағы геосаяси ахуал күрделенген соң қазақтар, әсіресе жастар жағы өзге елдерге көше бастапты. Сарапшы олардың арасында Қазақстанның жауапты құрылымдары ешқандай жұмыс жүргізбейтінін, атажұртқа көшуге шақырмайтынын, соны қалайтындарға арманын қалай жүзеге асыруға болатынын түсіндірмейтінін, ақпарат азығын айтпай. Иран қазақтары кириллицада оқи алмайды, орысша түсінбейді. Атажұртты аңсаған қандастар бәрәліпбінде қазақша жазылған брошюраларға, хабарлама-түсініктемелерге зәру. Оралғысы келетін жергілікті жұртты мазалаған сұрақтарға жауап беретін Call-орталық немесе сайт ашылса, артық болмас еді.

Қалай болғанда, сарапшылардың тоқтамы бір арнада тоқайласады: Қазақстанға көші-қонды басқарудың кешенді жаңа тәсілдемесі қажет-ақ. Тынышы кеткен әлемді жайлаған иммиграция, эмиграция, ішкі көші-қон, урбанизация процестері жыл сайын ушыға түседі. Бұл мәселелер жаһандағы бірқатар мемлекетте, соның ішінде дамыған елдерде ел басшылығының, жетекші саяси күштердің ауысуына түрткі болды.

Сондықтан Қазақстанды әрі қарай да тыныштық пен тұрақтылықтың құт мекені ретінде сақтау, адами капиталды жүйелі дамыту, халықты ұлан-байтақ Ұлы далада біркелкі орналастыру, еңбек адамдарының құқықтарын лайықты қорғау үшін Үкімет көші-қонды бақылау мен басқару тетіктерінің тиімділігін арттырып, жұмысын жетілдіргені маңызды. Онсыз Қазақстанда экономикалық кернеу және әлеуметтік сын-қатерлер туындауы бек мүмкін.

10 ШІЛДЕ 2025 | БЕЙСЕНБІ

МӘДЕНИ МҰРА



Өткенімізбен қауыштырып, жарқын болашағымызға қызмет ететін, қаламыздың көне тарихын сақтап дәнекер болатын орын — архив. Бұл бағытта елордалық архивтің алар орны ерекше. Астана күні мерекесіне орай, Ұлттық академиялық кітапханада ортақ жоба «Қараөткел құпиялары» атты зерттеу кітабының таныстырылымы өтті. Қала күнінде арнайы жарық көрген еңбек Астана қаласы Мемлекеттік архиві ғылым-әдістемелік кеңесінің ұсынысымен, ғалым Жамбыл Артықбаевтың авторлығымен шығып отыр. Онда елорда архив қорында сақталған мол деректер кеңінен пайдаланылған.

Тарихты тану — өткеннің емес, болашақтың қамы. Ал тарихты терең пайымдап, ұлттық жадымызды жаңғырту жолында сүбелі еңбек сіңіріп жүрген қалам иелерінің қатарында тарихшы-ғалым Жамбыл Артықбаевтың есімі айрықша аталады. Оның қолымыздағы бұл еңбегі — Қараөткелден басталып, бүкіл Сарыарқаның мәдени-тарихи жалын жандыртқан тұтас шежіре. «Қараөткел құпиялары» — жай ғана өлкетанулық жинақ емес. Бұл — туған жер тарихының жанды тамырын ұстап көргізіп келсе, «мінеки, қараныз» деп ұғынықты ұстында ұсынылатын көне дүниелерге деген құрмет. Бүгінгі Астананың орнында — кеше қандай тарихи мекендер болғанын, қайдан шыққанын, не себепті осы жерге орныққанын білгісі келген әр азамат үшін бұл кітаптың оқырманға көрсетер көмегі көл-көсір.

Қазақ тарихын зерделудің, түсініп, түйсінудің, оны тұтас және жанды ағза

ретінде қабылдаудың ең сенімді жолы — өлкетанудан басталатыны даусыз. Себебі туған жердің тарихын танып-білу ұлттың жадына терең үнілу, ұлы бастауға оралу дегенді білдіреді. Осы тұрғыдан келгенде, тарихшы Жамбыл Омарұлының жазғандары елорданың рухани болмысын айшықтайтын, ғылыми дерек пен көркем пайымды тоғыстырған құнды еңбек саналады.

Қазақстанның бас қаласы Астана туралы бүгінде бірталай еңбек жазылды. Дегенмен Артықбаевтың бұл кітабының басқа еңбектерге қарағанда, өзіне тән ерекшелігі бар. Ол елорданың ресми шежіресінен бөлек, оның көмескіде қалған, көмбеде жатқан тарихи қабаттарын ашуға ұмтылады. Кітап авторы Сарыарқа төсіндегі, Есіл мен Нұра арасындағы мыңжылдықтарға тамырланған, жұмбаққа толы тарихты оқырманға жақындата түседі. Осы арқылы біз тек қаланың бүгінгі келбетін емес, ежелгі тынысын, археологиялық хәм мәдени-рухани негізін тани түсеміз.

Кітапта мынадай сұрақтар төңірегінде терең мазмұнды ізденіс бар: бұл қаланың бұрын «Қараөткел» аталғанын кім біледі? Нұраның жағасындағы «Мортық» атауы қайдан шыққан, нені мензейді? «Ормамбетов тамы» деп аталатын қала неге олай аталған? Астана іргесіндегі «Мортық» атауы қандай тарихи астарға ие? Міне, осы және басқа да көптеген сауалға автор ғылыми негізде жауап береді. Әрбір атаудың артында елдің өткенінен сыр шертетін оқиға, естелігі, тағылымы бар. Бұл еңбек оқырманды тек қызықты тақырыптармен ғана емес, отан-

ҚОҒАМ

ТАРИХТЫ ТАНУ – ТАМЫРДЫ ТАНУ

«Қараөткел құпиялары» (тамыры терең тарих) — елорда тарихына арналған кітап. Бұл кітап Астана қаласы мемлекеттік архиві мен профессор, тарих ғылымдарының докторы, қоғам қайраткері, белгілі тарихшы Жамбыл Артықбаевтың бірлескен жобасы аясында жарыққа шықты.

шылдық пен тарихи танымға бастайтын өміршең мазмұнымен баурайды.

Кітап, ең алдымен, тарихқа ынтық жастарға, туған өлкенің жүрек соғысын тереңнен ұғынғысы келетін оқырманға арналған. Ол — архивке үнілуге, ескі карталар мен ұмыт болған шежірелерге назар

графиялық, этномәдени сипатын тереңінен баяндайтын шыншыл шежіре. Кітаптың «Қараөткел туралы ізденістер» делінетін алғашқы тарауында Қараөткел атауының қайнар көзіне, өлкетанушылар еңбегіне, Ақмола уезінің даму тарихына үнілеміз. Бұл тарауда Есіл мен Нұраның ара-



салуға ынталандыратын құжат. Автордың шеберлігі — ғылыми деректі оқырманға көркем тілмен жеткізуде, әрі сана мен жүректі қатар оятуында. Бұл еңбек — Астананың ғана емес, бүкіл қазақ даласының тарихи-рухани болмысын терең танытатын бірегей туынды. Жастарға тарихты сүюге жол ашатын, ұлтқа қызмет етудің тамыры үлгісін көрсететін тағылымды кітап.

Сарыарқа төсіндегі рухани тамыр мен елорда тағдырын сабақтастырған Ж.Артықбаевтың тарихи-зерттеу еңбегі — Астананың ресми тарихынан бөлек, оның байырғы болмысын, археологиялық, гео-

сындағы көне қалашықтар мен таңбалы жарлар, рессейлік шенеуніктер мен жергілікті тарихқа еңбек сіңірген тұлғалар туралы тың мәліметтер жүйеленіп берілген. Астананың бүгінгі көркіне қарағанда, оның түп-тамырын сезіну — елге деген сүйіспеншілікті арттырады.

Екінші тарау «Есіл–Нұра — екі су» деген атпен берілген. Мұнда Арқа төсін бойлап аққан екі өзен — Есіл мен Нұраның бойындағы көне іздер, табиғатпен етене байланыста туған аңыздар, географиялық-тарихи ерекшеліктер сөз болады. «Қозы-көш», «Айдаһарлы-Құдайберлі үңгірі», «Тоғанастың тоқсан екі көлі» сынды жер-

су атаулары арқылы көне заман тынысы сезіледі. Автор дерек пен мифологияны, ғылыми пайым мен танымдық зердені шебер ұштастыра білген.

«Ерте заманның ескерткіштері» деп аталатын үшінші тарау — археология мен этнотарихтың түйіскен тұсы деуге толық негіз бар. Бұзқоқ қалашығы, Мортық, Бытығай, Қорғалжын өңіріндегі ортағасырлық қоныстар жайлы деректер оқырманды сол кезеңдерге ойша сапар шеккізіп, көне қалпын елестетіп көруге мүмкіндік береді. Ормамбет тамы мен Әз Тәуке ханның ордасы туралы деректер Қазақ хандығының ел іргесін бекіткен ірі оқиғалармен тікелей байланыстырылады. Бұл тарау арқылы біз тек материалдық ескерткіштерді ғана емес, тарихи ойлау жүйемізді де қайта қарастырамыз.

Төртінші, «Қараөткел тарихы» тарауы Қараөткел — жай ғана географиялық нүкте емес, қазақтың мемлекеттік жалындығы маңызды бекет екені, Қараөткелдің Алаш қозғалысы кезіндегі рөлі, Ақмола бекінісінің тарихы, Тайтөбе, Сейтен мен Тайжан батырлар, ескі түрме мен көшелер, қаланың алғашқы фотографы мен автомобиль тарихы — бәрі-бәрі ұлттың ұмыт қалмауға тиіс зердесіне айналған. Автор жазбасында көркемдік тәсілмен шынайы деректерді шебер сабақтастырып, өткеннің құретамырын тірілтіп отырады.

«Қараөткелге қанаттас аймақтар» делінетін соңғы тарау Қараөткелге іргелес жатқан киелі мекендерге арналған. Бурабай, Атбасар, Ақкөл-Жайылма сияқты өңірлердің тарихи келбеті, хан төбелер мен ана есімдері, жергілікті аңыздар мен шежірелер осы бөлімде кеңінен қамтылған. Бұл тарау кеңістікті тұтастатқанда тануға мүмкіндік береді. Туған өлкенің шежіресін тек орталықтан емес, айналасынан да оқуға болатынын дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, бұл кітап — елордамыз Астананың, оның түп-тамыры Қараөткелдің, сондай-ақ Сарыарқаның әр белесі мен тасы сөйлейтін тағылымды тарихтың көркем-ғылыми шежіресі. Жамбыл Артықбаев бұл еңбегі арқылы туған топырақты таныудың жана үлгісін, жана көзқарасын ұсынады деп айтуға болады.

Тарих — өткеннің тасада қалған үні емес, бүгінгі болмысты түсінудің кілті. Сол кілтті ұлттың ұлы мұрағатынан іздеген автордың бұл кітабы әр қазақ баласының рухын жүгін ауырлатпай, байыта түсетіні анық.

Жанкелді БИМОЛДИН,
Астана қаласы архивінің директоры

ЖӨН ЕКЕН!

Мемлекет басшысының инвестиция тарту жұмысын күшейту бойынша тапсырмасына сәйкес Қызылорда облысы шетелдік инвесторлармен байланысты нығайтуға күш салып жатыр. Осы арқылы өңірдің өндірістің әлеуетін өрістетіп қана қоймай, бірегей жобаларды жүзеге асыра отырып, аймақ экономикасының күретамырына қан жүгіртуді мақсат тұтады.



БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАРДЫҢ БЕРЕРІ КӨП

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Жалпы, Сыр өңірінде 2024 жылы экономиканы әртараптандыруда 31 млрд теңгеге 21 инвестициялық жобасы іске қосылды. Негізгі, капиталға 640 млрд теңге инвестиция тартылып, өсім 21,7 пайызды құрады деген ақпарат таратты облыс әкімдігінің баспасөз қызметінен. Мұның 70,5 пайызы — жеке инвестиция болып табылады. Негізінен, 2025-2029-жылдары аймақта құны 1 трлн 900 млрд теңге болатын 65 инвестициялық жоба іске асырылып, 8 100 жана жұмыс орнын ашу көзделуде екен.

Биыл да өңірдің өрісін кеңейтетін өміршең жобаларды жүзеге асыруға баса мән беріліп отыр. Соның бірі де, бірегейі — санитарлық-техникалық бұйымдар шығаратын зауыттың құрылысы басталатын болды. Аталмыш зауыт өндіріс саласында өзіндік тәжірибесі қалыптасқан Испаниялық Rosa Group компаниясының ықпалымен жүзеге асырылмақшы. Бұл жайында қос тараптың байланысы негізінде Қызылорда қаласында өткен кездесуде мәлім болды. Ең бастысы, тиісті сала мамандары зауыттың ашылуы ішкі нарықты отандық құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуге жол ашады деп отыр.

«Биыл Қызылорда облысы үшін маңызды қадам жасалды. Әлемдік деңгейдегі Rosa Group компаниясымен бірлесіп, еліміздегі алғашқы санитарлық-техникалық бұйымдар өндірісін іске қосу бойынша Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, облыс әкімдігі және компания арасында негіздемелік келісімге қол қойылды. Осы келісім негізінде 300 жана жұмыс орны ашылады. Қазір зауыт салуға 20 гектар жер телімі белгіленген. Зауыт Орталық Азиядағы құрылыс саласындағы ең ірі жобалардың біріне айналады. Бұл — өңіріміздің табиғи

ресурстары мен инвестициялық әлеуетінің нақты көрінісі. Біздің басты міндетіміз — инвесторларға барынша қолайлы жағдай жасап, жобаны сапалы әрі уақытылы іске асыру. Жоба тек облыс үшін емес, тұтас Қазақстанның өндірістік әлеуеті үшін маңызды бастама, — деп мәлімдеді бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қызылорда облыстық Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Дәурен Әбілқайыров.

Жалпы, жылына 500 мың бұйымға дейін санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын жоғары технологиялық зауыттың болашағынан үміт зор. Зауыт Қызылорда қаласындағы «Өндіріс» индустриялық аймағында орналаспақшы. Жалпы құны 70 млн еуроны құрайтын бірегей жобаға арнайы жер телімі белгіленген. Келешекте осының негізінде аймақта 300 жана жұмыс орнын ашу көзделіп отыр. Кәсіпорын өнімдері ішкі нарыққа және Орталық Азия елдеріне экспортқа шығаруға бағытталған. Ең бастысы, өндіріске қажетті негізгі бес компоненттің үшеуі Қызылорда облысының өзінен қамтамасыз етіледі екен.

Сонымен қатар аймақта қытайлық инвесторлардың қатысуымен 2 ірі зауыт та іске қосылатын болады. Нақты айтқанда, Үкімет тарапынан шыны зауытына көрсетілген мемлекеттік қолдау шараларына байланысты қытайлық инвестор құны 55 млн АҚШ доллары болатын қосымша 2 жана инвестициялық жобаны іске асыруды жоспарлауда. Яғни, кварц құмын байыту және фотогальваникалық құн шынысын өндіру цехтары жұмысын бастайды деп күтілуде.

Негізінен, Қытай Халық Республикасы — Қызылорда облысының ең ірі сауда

серіктесі болып саналады. Былтырғы жылдың қорытындысымен өзара тауар айналымының көлемі 489 млн АҚШ долларына жеткені мәлім болды.

Бұған дейін де аймақта қытайлық инвесторлардың қатысуымен 2 ірі зауыт іске қосылған. Атап айтқанда, жылына 1 млн тонна цемент өндіретін кәсіпорын мен 197 мың тонна шыны өндіретін зауыт қарқынды жұмысын бастады.

Жыл басында Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Мәшбекұлының Қытай мемлекетіне барған сапары да көптеген ауқымды жобаның жүзеге асырылуына мүмкіндік болып тұр. Оның ішінде, көрші елдің 4 өңірінде болып, 34 компания басшысымен келіссөздер жүргізгені мәлім. Нәтижесінде, ауыл шаруашылығы және құрылыс салаларына озық технологияларды енгізу бойынша құны 10,8 млрд теңге болатын 9 келісімшартқа қол қойылды.

Осы орайда биыл Қытай технологиясын пайдаланатын 10 инвестициялық жоба іске қосылып, 397 жұмыс орны ашылмақ. Атап айтқанда, кірпіш зауыты, қағаз және картон шығару, айна өндірісі, жалпы қуаттылығы 90 мегаватттық 3-дү-электр стансасы іске қосылатын. Сондай-ақ нан-тоқаш, кондитерлік және макарон, түйе сүтінен құрғақ ұнтақ, күріш және ас тұзын өндіру зауыттары да бар. Оның ішінде, түйе сүтінен дайындалатын құрғақ ұнтақ өнімдер қытайлық компаниямен жасалған оффшор келісіміне сәйкес 100 пайыз Қытайға экспортталады деп жоспарланып отыр.

Жалпы, аймақта жүзеге асырылып жатқан және алдағы уақытқа жоспарланған бірлескен жобалардың әрбірінің өңірдің өндірістік әлеуетін арттыру ықпалы зор.

МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН

ОТАНДЫҚ МЕТАЛЛУРГИЯНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Қазақстанның тау-кен металлургия өнеркәсібі — ел экономикасының негізін құрайтын стратегиялық маңызды сала. Бұл саланың тұрақты дамуы мен халықаралық бәсекеге қабілеттілігі, ең алдымен, минералдық шикізатты терең әрі кешенді өңдеу технологияларына байланысты.

Соңғы жылдары осы сала бойынша еліміздің ғылыми және өндірістік ортасында жүзеге асырылып жатқан бірқатар жоба бар. Әрқайсысы ерекше назар аударуға тұрарлық. Солардың бірі — техника ғылымдарының докторы, профессор Б.Кенжалиев бастаған ғалымдар тобы әзірлеген «Экологиялық қауіпсіз вакуум-термиялық технологияны әзірлеу және түсті металлургияның жарамсыз шикізатынан маркалы селен өндіру» атты ғылыми-техникалық жобасы. Бұл жоба өнеркәсіптік деңгейде сәтті жүзеге асырылды. Қазақстанда көп жыл бойы түсті металдардың полиметалл кендерін өңдеу ісі негізгі металдарды — мыс, қорғасын, мырыш, алтын, күміс және молибден өндіруге бағытталып келді. Олардың жанама компоненттері — селен, теллур, сүрме, мышьяк, висмут сынды бағалы микроэлементтер көп жағдайда өндірісте толық пайдаланылмай, қалдық күйінде қалып отырды. Алайда қазіргі заманның талабы, жаһандық нарықтағы өзгерістер және өнеркәсіптің тиімділігін арттыру қажеттігі бізден шикізатты мейлінше толық игеруді және жоғары қосылған құнды өнімдер алуды талап етеді. Яғни, кешенді әрі экологиялық жағынан қауіпсіз технологияларды енгізу — бүгінгі күннің басты талабы.


Аталған ғылыми жоба — ұзақ жылдарға созылған зерттеулердің, теориялық және тәжірибелік жұмыстардың, сондай-ақ нақты өндірістік шешімдердің нәтижесі. Авторлар: профессор Б.Кенжалиев жетекшілігіндегі ғалымдар В.Володин, Е.Оспанов, С.Требухов, А.Шахалов — селенді тазартудың жаңа, тиімді әрі экологиялық қауіпсіз вакуум-термиялық әдісін әзірлеп, оны «Қазакмыс корпорациясы» ЖШС өндірісіне енгізді.

Қазір бұл технология бойынша өндірілген маркалы селен ГОСТ 10298-2018

стандартына толық сәйкес келеді, негізгі компоненттің үлесі 99,5%-дан жоғары. Мұндай сападағы өнім тек ішкі нарықта ғана емес, экспортқа да жоғары сұранысқа ие. Осы орайда өндірілген 100 тоннадан астам рафинирленген селеннің өзі 300 миллион теңгеден астам таза табыс әкелгені — жобаның экономикалық тиімділігін айқын көрсетеді.

Жобаның тағы бір ерекше қыры — оның экологиялық қауіпсіздігі. Жаңа технология атмосфераға зиянды заттардың бөлінуін күрт азайтады, өндірістік қалдықтарды қайта өңдеуге мүмкіндік береді, шикізатты толығырақ пайдалануға жол ашады. Бұл — Қазақстанның экологиялық стандарттарын сақтау мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды қадам. Сонымен қатар еліміз үшін сирек кездесетін және стратегиялық маңызы бар элементтер — селен, теллур сынды элементтерді өз өндірісімізде тиімді игеру — тек экономикалық пайда ғана емес, технологиялық егемендік пен ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан да маңызды. Бұл ғылыми жоба — отандық ғылым мен өндірістің өзара тиімді ықпалдасуының жарқын үлгісі болмақ. Бұл жұмыс Қазақстан металлургиясының жаңа деңгейге көтерілуіне, сирек металдарды тиімді өндіру және экспорттау ісіне үлкен серпін береді. Сондықтан профессор Б.Кенжалиев бастаған авторлар ұжымының «Экологиялық қауіпсіз вакуум-термиялық технологияны әзірлеу және маркалы селен өндіру» жөніндегі ғылыми еңбегін әл-Фараби атындағы 2025 жылғы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлыққа ұсыну — толық негізделген және әділетті шешім деп санаймын.

А.СЫЗДЫКОВ,
Қ.Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институтының директоры



АЙМАҚ

10 ШІЛДЕ 2025 | БЕЙСЕНБІ

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Түркістан облысы – республикамыздағы экономикасы қарқынды өсіп жатқан аймақтың бірі. Екі миллион адамнан астам халқы, 800-ден астам елді мекені бар. Облыс тұрғындарының 75 пайызға жуығы – ауыл азаматтары. Аманаттықтар өңірде жүріп жатқан қоғамдық-саяси үдерістердің бел ортасынан табылып, халық пен билік арасын жалғап тұрған көпір міндетін атқарады. Беделді саяси ұйымның өңір көлемінде атқарып жатқан жұмыстарын пайымдауда, «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, Түркістан облыстық мәслихатындағы партиялық фракцияның жетекшісі Алтынсары Үмбетәлиевпен сұхбат жүргізген едік.

— Алтынсары Дүйсенбекұлы, сұхбатымызды жұмыс басымдықтарыңыз туралы мәселеден бастасак, партияның Түркістан облыстық филиалының биылғы жұмыс жоспарының ерекшелігі қандай еді? Партиялық қызметті ұйымдастыруда қолға алған бастамаларыңыз туралы да айтып өтсеңіз.

— Шын мәнінде, 2025 жыл партиядағы қызметіміз үшін айрықша белестерді айқындаған кезең болды деп нық сеніммен айта аламын. «AMANAT» партиясы, ел аманатын аркалай отырып, ел тағдырына алаңдайтын барша азаматтарды Мемлекет басшысының түбегейлі реформаларын қолдауға, Әділетті Қазақстан құру идеясының төңірегіне топтасуға шақырады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айтылған 9 негізгі басымдықтан туындайтын жана міндеттер партиялық қызметтің өзегі болып белгіленді. Жұмыс жоспарымыз Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында айтылған басымдықтармен толықтырылды. Идеологиялық мазмұнды қамтуда 2025 жылдың «Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жариялануын басшылыққа алдық, Парламент Мәжілісінің және партиямыздың Төрағасы Ерлан Жақанұлы Қошановтың ұсынысымен биылғы жыл — Бастауыш партия ұйымдарының жылы болып жарияланды, қызметтегі негізгі басымдықты партиямыздың ең төменгі құрылымына беріп отырмыз.

Сондай-ақ 2025 жылғы 4 наурызда Мемлекет басшысы «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» заңға қол қойды. Ерекше мәртебе бағытындағы жұмыстар да партиялық қызметтің негізгі бағдары болып белгіленді.

Ең алдымен, негізгі тірегіміз — ол біздің жақтастарымыз. Биылғы алты айда партия

ЕСЕЛІ ЕҢБЕКПЕН
ӨРІЛГЕН
БЕРЕКЕЛІ ЖҰМЫС

қатарына 2 198 адам қабылданып, Түркістан облысы бойынша партияластарымыздың қатары 85 356 адамға жетті. Еліміз бойынша 800 мыңнан астам адам «AMANAT» партиясының мүшесі болса, соның он пайыздан астамын Түркістан облысының тұрғындары құрайды. Бұл көрсеткіш партиямызға деген ел сенімінің жоғары екенін көрсетеді деп білемін.

Аудан, қалалардағы 17 аумақтық партия филиалдары 242 бастауыш партия ұйымдарын біріктіреді. Бастауыш ұйымдарға әдістемелік көмек көрсетуде Сайрам, Сарыағаш аудандары мен Түркістан қаласында сол аумақтарға жақын аудан, қалалардағы партия ұйымдарын біріктіріп, партиялық қызметті жаңа сипатта ұйымдастыру бо-

берген уәделеріміздің жартысына жуығы орындалды, қалған межелер 2027 жылға дейінгі мерзімде толықтай іске асады деп білеміз. Жол картасына еніп, пайдалануға берілген нысандардың қатарында «Жайлы мектеп» жобалары, жана мектептер құрылыстары, медициналық ұйымдар, спорт кешендері, мәдениет үйлері, оналту орталықтары, өрт сөндіру деполары, полиция бекеттері бар. Елді мекендердің қордаланған мәселелерін шешуде ауылдарға ауызсу, газ жүйелерін тарту, халық тұтынатын электр қуатының сапасын арттыру, автомобиль жолдарын салу жобалары жүзеге асты.

Облыс әкімі Нұралхан Оралбайұлының іскерлік беделінің, мол тәжірибесінің арқасында Түркістан облысы экономикалық

«Ауыл аманаты» бойынша 2023 жылы берілген несиелердің қайтарымы есебінен 2,3 млрд теңгеге 316 жоба қаржыландырылды. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы шеңберіндегі «Таза бейсенбі» жобасы аясында ауыл-аймақтарда 22 учаскеде тазалық жұмыстары жүргізіліп, оған алты мыңға жуық партия өкілдері қатысты.

йынша топтық семинарлар өткіздік. Атап өтуіміз керек, биыл — Бастауыш партия ұйымдарының жылы болып жариялануына орай, барлық ұйымдарды кеңсе кабинеттерімен, компьютерлік техникамен қамтамасыз етуді ұйғардық. Еліміздегі ең ықпалды саяси күшке айналған партиямызда азаматтар үшін қолайлы орта түзілуге тиіс деп санаймыз және бізге сенім артқан азаматтар үшін барлық жағдай жасалады деген сенімдемін.

— Сайлау кезінде берілген уәделердің орындалуына, партияның сенім мандатына ие болған депутаттардың белсенділігіне тоқталсаңыз...

— «AMANAT» партиясының 2023–2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын Түркістан облысында іске асыру жөніндегі Жол картасында 136 индикатор, 568 іс-шара жоспарланса, соңғы екі жылда белгіленген межелердің 43,5 пайызы немесе 247 іс-шара толығымен атқарылды. Яғни, облыс халқына

өсім жағынан республикадағы үздік үш өңірдің қатарына ілікті. Экономикадағы маңызды деген 10 көрсеткіште Түркістан өңірі республикада көш бастады.

Партия айқындаған міндеттерді іске асыруда партиялық фракция депутаттары мен аудан, қалалық мәслихаттар корпустарының жұмыстарын ерекше атап өткеніміз жөн. Мәслихаттардың депутаттары партия алаңында өтіп жатқан барлық жиындар, қоғамдық қабылдаулар, мәдени іс-шаралар мен кездесулер депутаттардың қатысуымен өтуде.

Биылғы алты айда облыстағы фракциялардың 37 отырысы өтіп, 94 мәселе қаралды. Сайлауалды бағдарламаның орындалуы бойынша, облыс әкімінің орынбасары, жауапты басқармалар мен Түркістан, Арыс, Кентау қалалары және Отырар ауданы әкімдерінің есептері тыңдалды. Ал облыстық партия филиалының Саяси кеңес бюросында 2 басқарма басшысының, 9 аудандық

мәслихат төрағасының, 5 аудандық фракция жетекшісінің есептері тыңдалып, Жол картасы тармақтарының орындалуын үйлестіруге жауапты депутаттардың қызмет белсенділіктері сараланды.

Партияның өңірлік филиалы жанынан облыстың тыныс-тіршілігіне қатысты түрлі бағыттар шеңберінде жұмыс жүргізетін 9 кеңес қызмет атқарады. Консультативтік-кеңесші орган мәртебесіне ие осы кеңестердің 34 отырысы өтті, 64 мәселе қаралды. Кеңестер қызметінің пәрменділігін арттыруда, олардың отырыстарын аудан, қалаларда көшпелі форматта өткізу үрдісі қалыптасты.

— Партия қызметінің негізгі бағытын партиялық жобалар құрайды. Бұл бағыттағы көрсеткіштеріңіз қандай? Партияға сенім артқан азаматтардың саны артып жатқанын айттыңыз. Жас буынмен жұмыс қалай өрбіп жатыр?

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «AMANAT» көтерген бастамаларға, партиялық жобаларға арнайы тоқталып, бірнеше рет жоғары баға бергені белгілі. Соның ішінде, «Ауыл аманаты», «Қарызсыз қоғам», «Әкімдер мектебі» жобалары жалпыұлттық деңгейге шығарылды.

Өз қызметі шеңберінде «AMANAT» жиырмаға жуық партиялық жобалардың іске асырылуын үйлестіреді. Олар — «Жер аманаты», «Ауыл аманаты», «Қарызсыз қоғам», «Құқықтық көмек», «Халыққа көмек», «Таза бейсенбі», «Ардагерлерді ардақтайық», «Бақытты отбасы», «Кедергісіз келешек», «Жастарға жұмыс», «Кітап-AMANAT» TOMIRIS, QAISAR, «Жас саясаткерлер мектебі», «Менің елім — менің тілім», «Ұлттық мұра» жобалары. Биылдан бастап олардың қатарына «Әкімдер мектебі», «Цифрлы қоғам», «Агросауат» жобалары қосылды.

Бұл жобалар халықтың өзекті мәселелерін шешуге, халықтың нақты әлеуметтік топтарына бағдарланған, қоғамның мәдени рухани құндылықтарын ілгерілетуге, патриоттық тәрбие беруге арналған. Айта кетуіміз керек, «AMANAT» партиясы белгілеген партиялық жобалардың барлығы дерлік Түркістан облысы үшін өте өзекті болып табылады. Халықтың сұранысын дөп басып, қоғамдағы актуалды мәселелерін қамтиды. Партияның барлық бастамалары Түркістан облысында нақты нәтижелерін беріп отыр.

Азаматтардың қолдауына ие болған «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша биылдың өзінде 8 102 адам оқытылды. «Жер аманаты» бойынша биылғы алты айда 32,8 мың гектар жер қайтарылып, жылдық жоспар 80 пайызға орындалды. «Ауыл аманаты» бойынша 2023 жылы берілген несиелердің қайтарымы есебінен 2,3 млрд теңгеге 316 жоба қаржыландырылды. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы шеңберіндегі «Таза бейсенбі» жобасы аясында ауыл-аймақтарда 22 учаскеде тазалық жұмыстары жүргізіліп, оған алты мыңға жуық партия өкілдері қатысты.

«Кітап-AMANAT» жобасымен Жетісай, Мақтаарал, Түлкібас аудандарында рухани-ағартушылық орталықтары ашылып, жұмыс жүргізіп жатса, «Кедергісіз келешек», «Ардагерлерді ардақтайық!», «Ұлттық мұра», «Бақытты отбасы», «Халыққа көмек» тағы басқа жобалар бойынша түрлі форматтағы іс-шаралар атқарылып, партиямыз тұрғындардың кең қолдауына ие болуда. Облыстық партия филиалының қоғамдық қабылдау бөлмелерінің желісі бойынша айтатын болсақ, биылғы 6 айда партия көмегіне жүгінген азаматтардан 9 000-ға жуық арыз-өтініш келіп түсіп, барлық өтініштің 62 пайызы шешімдерін тапты. «Құқықтық көмек» жобасы бойынша Сауран, Қазығұрт, Отырар, Бәйдібек, Сайрам, Түлкібас, Мақтаарал, Жетісай аудандары мен Кентау және Түркістан қалаларының әрқайсысында шалғайда орналасқан екі елді мекенде, барлығы 20 ауылда мобильді көшпелі қоғамдық қабылдау жиындары өткізілді.

Партия беделіне айналған осы жұмыстардың нәтижесінде, биылғы бірінші жартыжылдықта өткен 38 ауылдық округ әкімдерінің сайлауында «AMANAT» партиясынан ұсынылған 37 кандидат жеңіске жетіп, партияның жана, жас буын қадірлары ел ісіне араласа бастады.

Қарағанды облысында өткен QAISAR республикалық әскери-патриоттық ойындарында Түркістан облысынан қатысқан жастар екінші орынға ие болса, Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-жылдығына арналған AMANAT-AQYLMAN интеллектуалды ойындарының іріктеу кезеңдері 17 аудан, қалада өткізілуде. «Жастар рухы» жастар командасы Түркістан облыстық AL-FARABI зияткерлер байқауында ең үздік команда атанды. Облыстық партия филиалы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанаты республикада ең үздік ұжым деп танылды, ал осы бөлімнің қосұлынтғы Еркебұлан Мадиярұлы жылдың үздік волонтері деген номинацияға ие болды.


Қоғам мен мемлекет игілігі үшін «AMANAT» партиясының Түркістан облыстық филиалы атқарып жатқан жұмыстарының барысы осы мазмұнда тізбектеліп отыр.

— Өңгіменізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан
Арайлым МҰРАТБЕК

ТҮЙТКІЛ

ЖАЛҒАН ТЕРРОРИЗМГЕ ЖОЛ ЖОҚ



Қоғамның бейбіт тіршілігі мен тұрақтылығы — әрбір азамат үшін ең қымбат құндылық. Алайда соңғы жылдары осы тыныштықты бұзып, бүкіл елді дүрліктіретін ерекше сипаттағы қылмыстың бірі — жалған терроризм, яғни террорлық актілер туралы жалған хабарлар беру әрекеттері жиілеп кетті. Бұл құқық қорғау органдарының ғана емес жалпы тұтас мемлекет үшін аса зор қауіп төндіретін, алаңдатарлық мәселеге айналып отыр...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

ЖАЛҒАН ТЕРРОРИЗМ
ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

«Жалған терроризм» — бұл террорлық акт жайлы алдын ала жалған ақпарат тарату. Көп жағдайда мұндай хабарламалар телефон арқылы, мессенджерлер немесе әлеуметтік желілер арқылы таратылады.

Оқиға орнына арнайы қызметтер дереу аттанады, мекеме немесе нысан эвакуацияланып, қоғамдық көлік қозғалысы тоқтайды — сөйтіп, тұтас қала жүйесінің жұмысы бір-ақ сәтте астаң-кестені шығады. Жағдай ушығып кетпесе де, оның эконо-

микалық, моральдық, тіпті стратегиялық зардаптары аса орасан екені көпшілік біле бермеуі де мүмкін.

Ең сорақысы, дәл осы уақытта шынайы көмекке мұқтаж бір адамға полиция, желел жәрдем немесе құтқару қызметі дер кезінде жете алмай қалуы ғажап емес.

ЖАС ТАЛҒАМАЙТЫН
ЖАУАПКЕРШІЛІК

Көпшілік үшін тансық болуы мүмкін, бірақ жалған терроризм үшін заң алдында 14 жастан бастап жауапкершілік қарастырылған. Яғни, мектеп жасындағы жеткіншектің өзі де қылмыстық жауапқа тартылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 273-бабына сәйкес, террорлық акт туралы жалған хабар бергені үшін 5 000 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл (бүгінгі мөлшермен 18,4 млн теңге), сонымен қатар дәл осы көлемде түзету жұмыстары және бес жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе шектеу жазасы қарастырылған.

Мұнымен қоса, заң аясында келтірілген нақты шығын көлемін өтеу міндеті де сот арқылы тағайындалады. Ал бұл сома кейде бірнеше ондаған миллион теңгеге дейін жетіп жататынын атап өткен жөн.

ҚОҒАМҒА ТИГІЗЕР ЗИЯНЫ
ҚАНДАЙ?

Жалған террористік әрекеттердің жиі нысанасына ілінетін орындар — мектеп, сауда орталықтары, вокзалдар мен әуежайлар, яғни адам көп шоғырланған аймақтар екені рас. Мұндай ақпарат тараған сәттен бастап шұғыл қызметтер іске кірісіп, жүздеген, кейде мыңдаған адам қауіпсіз аймаққа көшіріледі.

Ақмола облысының прокуроры Руфат Құттыковтың айтуынша, мұндай жалған

хабарламалар — тек арнайы органдардың жұмысын тежеумен шектелмейді.

— Жалған террористік акт жасалатыны жайлы жалған хабарламалар тарату мемлекеттік құрылымдардың, қоғамдық орындардың қызметін тоқтатып, азаматтардың үрейін күшейтеді. Тіпті, бір кезде қоғам шын қауіптің алдында тұрса, оған ешкім мән бермей қалуы мүмкін. Сондықтан бұл әрекет тек құқықбұзушылық емес, қоғамдық санаға шабуыл, — дейді Руфат Құттыков.

Ресми дерекке сүйенсек, ірі қаладағы вокзалдың бір сағаттық эвакуациясы 1 миллион теңгеге дейін, ал сауда орталықтарының уақытша жабылуы бірнеше миллион теңге шығын келтіруі мүмкін. Бұл шығындардың барлығы жалған хабар таратушының мойнына артылады.

ҚАТЕЛІКТІҢ СОҢЫ — ӨКІНІШ

Осындай жағдайдың нақты мысалын Ақмола облысынан көруге болады. Былтырғы жылдың 4 қантарында Ерейментау ауданында мас күйінде жүрген П. есімді азамат «102» нөміріне қоңырау шалып, бомба қойылғаны жөнінде жалған хабар таратқан. Тиісті қызметтер бірден әрекет етіп, қауіпті аумақ қоршалды. Алайда ешқандай жарылғыш зат табылған жоқ. Қасақана жасалған әрекеті үшін азамат Қылмыстық кодекстің 273-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылып, 2 жыл 6 ай мерзімге бостандығы шектелді. «Мұндай болады деп ойламадым», «жәй қызық үшін жаза салғанмын» деген сияқты сылтаулар ауыр жазадан құтқармайды.

БЕЙБІТ КҮННІҢ ТЫНЫШТЫҒЫН
БІРГЕ ҚОРҒАЙЫҚ

Жалған терроризм — қоғамдағы сенімді бұзатын, адамдардың сана-сезімін

тұмшалайтын және ең бастысы, тыныш өмірімізге тікелей қауіп төндіретін әрекет болатыны ақиқат. Сондықтан мұндай қылмыстың алдын алу — құқық қорғау органдарының ғана емес, әрбір саналы азаматтың міндеті.

Облыс прокуроры бұл орайда бірінші кезекте ата-аналардың өз балаларына кішкентай кездерінен мұндай әрекеттің заң алдындағы үлкен жауапкершілік екенін түсіндіріп отыруы қажет деп есептейтінін жеткізді.

— Ата-аналар балаларына мұндай қылмыстың салдарын ашық әрі түсінікті түрде түсіндіруі қажет. Әсіресе, әлеуметтік желіде, интернетте белсенді жасөспірімдер өз әрекеттеріне жауап беретінін білуі керек. Бейбіт күнде үрей туғызу — ауыр қылмыс. Ал қоғамдық қауіпсіздік — бәрімізге ортақ жауапкершілік, — деп түйіндеді Руфат Бауыржанұлы.

Ақмола облыстық прокуратурасының ресми мәліметінше, тек соңғы екі жылда ғана Ақмола облысында 16 жалған терроризм оқиғасы тіркелген (2024 ж. — 9, 2025 ж. — 7). Абырой болғанда, олардың бәрі жалған болып шыққан. Бірақ бұл — ертенгі күні шынайы қатерге мән бермей қалудың да алғышарты болуы мүмкін екенін ескерген абзал.

Р.С. Тыныш өмірдің қадірін қауіп төнген сәтте түсінеміз. Сол үшін ел ішінде бейберекет үрей туғызатын, шындыққа жанаспайтын жалған ақпараттың таралуына қарсы бәріміз жұмыла әрекет етуіміз керек. Заңнан да бұрын ар алдындағы жауапкершілік бар.

Ойнап айтылған жалған сөздің артында бүтін бір елдің қауіпсіздігі тұрғанын естен шығармалық...

ДОДА

10 ШІЛДЕ 2025 | БЕЙСЕНБІ



РИНГТІ КЕРНЕГЕН



Астанада өткен әлем кубогында аренадағы қолдаудың өзі көпке дейін ұмытылмасы анық. Бокс-сүйер қазақ бөркін аспанға атып, баласы рингке шыққан сәйін тақым қысты. Екі сессияда да ине шаншыр орын болған жоқ. Финалдағы Тәшкенбай «шоуын», Нұрдәулетовтің нокдаунын, Графееваның камбәгін аяғынан тік тұрып тамашалады. Елге қонаққа келгендер Қазақстанды әуесқой бокстан бекер державаға теңемейтінін түсінді, бұл – анық. Ақтық кезеңге шыққан әр өреннің өліспей беріспейтіні жанарынан байқалып тұрды.

РУХ

Айтып-айтпай не керек, боксшылар іріктеу не финал демей, жанын салып бокстасты. Әсіресе, финалдағы Санжар Тәшкенбайдың жеңіс салтысы, Сағындық Тоғамбайдың іріктеудегі жарқын сәттері, Виктория Графееваның соңына дейін өліспей-беріспегені жанкүйер жадында сақталды. Қос сарапшы да қыздар арасындағы үздік финалист ретінде Виктория Графееваны көрсетті.

Ұтылып жатып, қарсыластан жеңісті жұлып алғаны нағыз майталман екенін дәлелдеді. Осы ретте Аслан Каженов Наталья Богданованың да жарқын боксына тәнті болғанын айтады. Ал ерлер арасында Бекзад Нұрдәулетовтің қарқыны көпті қайран қалдырды. Комментатор Исатай Мәдидің айтуынша, боксшы Әлем чемпионатынан кейін өзін жоғалтып алғандай көрінген. Қазір түрлі сынақтан өтіп, өз стилін, мәнерін тапқан боксшы ретінде қалыптасқандай. Спорт маманына былғары қолғап шеберінің турнирдегі бокс мәнері ұнаған.



Иә, финалда Бекзад Нұрдәулетовтің қарсыласын нокдаунға жіберіп, есенгіреткені өзіне сенімді екенін дәлелдеді. Төпелей соққы жасап, білгенінен жанылған жоқ. Шапшаң қимыл, сәк қозғалыс пен дәл соққы Нұрдәулетовтің бір бойынан табылды.

ШАРШЫ АЛАНДАҒЫ ШЕШІМ

Аслан Каженовтің айтуынша, турнирдегі басты сенсация — Париж Олимпиадасының күміс жүлдегері Нұрбек Оралбайдың финалдағы жеңілісі. Нұрбек ұзақ үзілістен соң әлемдік аламанға оралған-ды. Финалдың алдында екі жекпе-жек өткізбегені тағы бар. Өйткені қарсыластары кездесуге шығудан бас тартқан. Яғни, оның қарсыласты зерттеуге, тактика қойып, физикалық және психологиялық түрде шыңдалуға уақыты болған. Өкініштісі сол, Нұрбектен халық алтын күтті және алатынына нық сеніммен қарады. Ендігіде құрама үздігі Ливерпульде өтетін Әлем чемпионатында барын салады деп үміттенеміз.

Бокстан ұлттық құрама маңайындағы бітпейтін «текетіретін» бірі — Абылайхан Жүсіпов пен Төрехан Сабырхан арасындағы бәсеке. Дау неден басталды десеңіз, 70 келі салмақта турнирде бак сынаған Жүсіпов шаппай жатып, аламаннан шығып қалды. Себеп — жаракаты жазылмай жатып, жарысқа қатысқан. Бұл турасында боксшыны кінәлай алмайтынымызды мамандар да айтып отыр. Комментатор Исатай Мәдидің сөзінше, ол осыдан бір ай бұрын Әйдховен турнирінде жаракат алған. Ал Астанадағы жарысқа қатысқанында екі турнирдің арасы үш-ақ апта болған. Сөйкесінше, қабағындағы жаракаты жазылып үлгермеген. Сол үшін маман Әлем чемпионаты алдында қос боксшы арасында спаринг өткізіп, шын мықтының топқа түскенін қалайды. Комментатордың айтуынша, Төрехан Сабырхан ересектер арасында әлі кіл мықтымен күрестіп, жеңіске жетпеген. Мысалы, 70 келідегі өзбек мықтысы Асахужа Муйдинхужаев сияқты осы салмақтағы дүлдүлмен бетпе-бет келмеген. Сондықтан Абылайхан мен Төреханның қай жеңгені алдағы алманға барғанын құп көріп отыр.

«Әлеуметтік желіде Абылайхан мен Төрехан туралы көп талқыланып жатыр. Қазақстан бокс федерациясының бас хатшысы Мерей Ақшалов бұл бас бапкердің шешімі екенін, Қайрат Сатжанов осы турнирден кейін жауап беретінін айтқан. Сөйкесінше, біз де бас бапкердің қателігі деп ойлаймыз. Абылайханды жарыс басталмай тұрып, екі-үш күн бұрын көрдім. Қабағындағы жаракатын байқадым. Бапкерлер құрамында бір күн қалғанша тандау болды. Олар Абылайханды қалдырды. Қабағының толық жазылмағанын біле тұра рингке шығарған бас бапкер және медицина маманына сұрау салу керек. Өкініштісі, Абылайханның денсаулығына кері әсер етті. Бар әлеуетті дұрыс пайдаланып, алдағы жарыстарда резервке де жүктемені тең бөлсек деген ұсыныс бар. Абылайхан қандай шешім болса да, бапкер шешімін қолдайтынын айтты. «Төреханға жолынды бер» деп жатса, дайынмын деп отыр. Ал Төреханның өзі әлі де нейтралды көзқараста жүр. Оған да мүмкіндік, жас та болса, Әлем чемпионы атануға тапсырмас мүмкіндік туып тұр», — дейді спорт журналисі Аслан Каженов.

Қош, халық қанша дүрліксе де, шешім қыркүйекке қарай қабылданады. Оның алдында боксшыларды екі жаттығу жиыны күтіп тұр. Ал құрамадағы орнын нақ бекітіп, турнирде бір темпен жұдырықтасқанның бірегейі — Сабыржан Аққалықов. Сарапшылар турнир жаңалығы да, үздік боксшысы да осы деп отыр. Өйткені Аққалыковтың финалда аутсайдер екенін айтқан көп. Жанкүйер де оның алтын арқалайтынына сенбеді. Бірақ ол жеңісті жұлып алғанымен қоймай, сауатты жұдырықтасып, ерекші қарым-қабілетімен көзге түсті. Мамандар осы қарқыннан таймаса, оның Әлем чемпионатында атой салатынына сенімді.

«Боксшының бәрі — бір төбе. Тәшкенбайдан бастап, Оралбайға дейін салмағы бар, атағы бар боксшылар. Солардың арасында Аққалыковты ерекше атап өткім келеді. Өткен жылы ғана 70 келі салмақта жүрді. Биыл Абылайханмен бәсекеге

ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ГОЛ

Чемпиондар лигасының іріктеу кезеңінде өнер көрсетіп жатқан «Қайрат» алғашқы ойынын словениялық «Олимпиаға» қарсы өткізіп, 1:1 есебімен тең тарқасты.



Люблянада өткен ойында бірінші тайм голсыз аяқталды. Алаң иелері өткір шабуылдағанымен, соңғы нүктені қоятын шабуылшы табылмай жатты. Ал соғылған бір голды төреші офсайд деп есепке алмады.

«Қайратта» да гол соғатын мүмкіндіктер болды. Дегенмен португалдық легионер Жоржиньо онтайлы екі сәтті пайдалана алмады.

Есесіне, екінші таймда алматылықтар есеп ашты. 60 минутта дәл сол Жоржиньоның шығарған пасына бірінші жеткен Дастан Сәтпаев бос қақпаға гол соғып, командасын алға шығарған. Алайда араға небәрі 6 минут салып «Олимпиа» сапынан Дюго Пинту көзге түсіп, таразы басын теңестірді. 1:1 есебі матч соңына дейін сақталды.

Енді қарымта матч Алматыда 15 шілдеде өтеді. Жеңген команда келесі айналымға шығады.

АУЫР АТЛЕТТЕРДІҢ ЖЕҢІСІ

Ауыр атлетикадан Қазақстан жастар құрамасының өкілі Ерасыл Сәулебеков Астанада өтіп жатқан Азия чемпионатында жеңімпаз атанды.



88 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Сәулебековке тең келер ешкім болмады. Ол қоссайыс қорытындысы бойынша 344 (153+191) келі көтеріп, жарыста топ жарды.

Екінші орынға өзбекстандық Бекзод Гофиржонов орналасты — 341 (151+190) келі. Үшінші орынды үндістандық Сайраж Пардеши иеленді — 338 (152+186) келі. Айта кетейік, 8 шілдеде Қазақстан құрамасы екінші алтын медалін жеңіп алды. Бұған дейін Кира Данилова жасөспірімдер арасында чемпион атанған болатын.

БАЛУАН ҚЫЗДАР ЖАРАДЫ

Қоржынымызда – үш медаль. Қырғызстан астанасы Бішкек қаласында күрес түрлерінен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионаты өтіп жатыр.



Жарыстың кезекті күні қыздар арасындағы бәсекелер болды. 15 жасқа дейінгілер бәсекесінде 10 қызымыз аттанған болатын. Араларынан 58 келіде Арина Куанышова күміс жүлдегер атанды. Ал 42 келіде Райна Жамсапқызы және 66 келідегі Әсемай Бурахан қолаға қол созды. Қазақстан құрамасының қалған өкілдері бүгін бозкілемге шығып, қоржындағы жүлделер санын арттыруға тырысады. Бішкек қаласындағы Азия чемпионаты 9 шілдеге дейін жалғасады.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал Алпысбайлы –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРЖОНИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербалақ ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
 reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(777) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқының»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4614

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,